

## ХАТТАМА

Арал қаласы

31 наурыз 2025 жыл

«Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2024жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының директоры - Н. Шамуратов

**Есепті тыңдауға қатысушылар:**

- 1.Ж.Балмаганбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы.
2. Б. Ұзақов - Арал қаласының әкімі
3. Б. Ізмағамбетов – Арал қаласы әкімінің орынбасары
4. Ж. Құдайберген - Арал аудандық ТҮКШ бөлімінің басшысы
5. М. Әнесов – Арал қаласы әкімдігінің бас маманы
6. А. Сақтапбергенұлы – Арал аудандық мәслихатының депутаты
7. А. Тулебаев – Арал аудандық мәслихатының депутаты
8. А. Жолмағамбетов Арал ауданы ардагерлер комитетінің төрағасы
9. Ж. Жұқабаев Арал қаласы көше комитеті
- 10.Ж. Бармағамбетов - Күзет бөлімінің бастығы
- 11.И. Қапаров – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

Арал қаласындағы жеке және занды су тұтынушылары – 67 адам

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

**«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылы атқарылған жұмыстарының есебі**

(Баяндамашы: Бөлімше басшысы – И. Қапаров).

Белгіленген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының директоры - Н. Шамуратов тыңдауды ашып баяндамашы бөлімше басшысы И. Қапаровқа сөз берді. И. Қапаров өз кезегінде төмендегіше баяндама жасады.

“Қазсушар” Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының “Сыр сұы” филиалының «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде 43 насос стансасы, 28 дана су ұңғымасы, 1577,3 км су құбыры желілері, оның ішінде 739,7 шақырым магистральды су құбырлары және 837,692 ішкі су тарату желісі, магистральды су құбырлары бойында 1590 дана бақылау құдықтары және ішкі су тарату желілері бойында 4405 дана бақылау құдықтары арқылы Арал ауданының 43 және Қазалы ауданының 22 елді мекендерінің 165 мыңға жуық тұрғындарын, Арал ауданындағы шаруашылық қызмет жүргізетін өзге де 573 мекемелерді ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін көрсетеді.

Өндірістік бөлімшеде 276 жұмысшы-қызметкер, 24 дана техника жұмылдырылған.

2024 жылы Қосаман бас су тоғанынан **3 764 753,93** текшे метр ауыз су өндіріліп, Арас және Қазалы аудандарына **3 608 573,069** текше метр ауыз су таратылды. (*Су шығыны 156 180,86 м<sup>3</sup>, 4,15%*)

Оның ішінде Арас ауданына 1 695 936,64 м<sup>3</sup> ауыз су тұтынушыларға таратылды.

Өндірістік бөлімшесі Арас ауданының 43 елді мекенінің 15145 абонентін (81891 адам) оның ішінде Арас қаласында 8028 абонент, Жақсықылыш кентінде 869 абонент, Сексеуіл кенті 2380 абонент және елді мекендер бойынша 4528 абоненттің тұрақты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етеді. Арас ауданы бойынша су есептегіш құралымен су ішіп отырған абонент саны 14893, көше колонкасынан су тұтынушылар саны – 187 және арнайы су таситын автокөлікпен қамтамасыз етілетін тұтынушылар саны – 75 абонент. Мекеме саны 592дана.

Ауыз су төлемін жеңілдету мақсатында төлем ақыны Kaspi қосымшасы арқылы төлеуге боладындығы жөнінде Арал қаласы әкімдігімен бірлесіп, аудан көлеміндегі әлеуметік желілерге хабарламалар беру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде Арал қаласы, Сексеуіл кенті, Жақсықызылыш кенті, барлық орталықтандырылған ауыз су желісіне қосылған халықтың 95% Kaspi қосымшасымен ауыз су төлемдерін жасады.

2024 жыл бойынша 739,7 км магистральды су құбырлары бойында 102 дана ақау орын алғып қайта қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, 837,692 км ішкі су құбырлары желілерінде орын алған 115 дана ақау қайта қалпына келтірілді. Ақауларды қайта қалпына келтіру жұмыстарына 3 747 534тенгені құрайтын шикізат материалдар жұмсалды.

Жоғарыда көрсетілген апаттық жағдайларды қайта қалпына келтіру үшін оның ішінде, бөлімшеге қарасты ауыз су жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарының кестесі бекітіледі. Осы жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына қаржылай көрсеткіші 2 031 534 теңгені құрайтын шикізат-материалдар жұмсалып, бекітілген кестеге сәйкес Арап қаласы, Жақсықылыш кенті, Сексеуіл кенті, ауылдық елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы және ішкі су тарату құбырлары бойында орналасқан көру құдықтарының іші лайдан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматураларына, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Сонымен қатар жүйелі түрде барлық насос стансаларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір-бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына технологиялық құбырларға техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды.

Өрт гидранттарына Аудандық өрт сөндіру бөлімімен бірлесіп 2024 жылы көктемгі - күзгі тексеру жұмыстары жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша жұмыстар жасалып, нәтижесінде анықталған кемшіліктер жойылды.

## Қызмет түрлері бойынша есебі.

- Су есептегіш құралының жеке тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру – 4460 дана,
  - Су есептегіш құралының занды тұлғаларға пайдалану мерзімі өткені үшін ауыстыру - 170 дана,

- жеке тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату -337дана.
- Занды тұлғаларға жаңадан су есептегіш орнату – 48 дана
- Жеке және занды тұлғалардың су есептегіштеріне пломба орнату – 5019 дана
- Жеке және занды тұлғаларға қайта пломба орнату – 931дана
- Жеке тұлғалардың қайта су құбырына қосылуы – 2дана
- Занды тұлғалардың қайта су құбырына қосылуы – 4дана
- Жеке тұлғаларды техникалық келісім-шартқа отырғызу – 3126дана
- Занды тұлғаларды техникалық келісім – шартқа отырғызу – 191дана
- Жеке тұлғалардың су құбырына қосылуы(врезка) - 326дана
- Занды тұлғалардың су құбырына қосылуы(врезка) - 43дана
- Жеке тұлғалардың су құбырын жүргізу үшін Эсковатормен қазу жұмыстары -775 метр
- Занды тұлғалардың су құбырын жүргізу үшін Эсковатормен қазу жұмыстары -35метр
- Жеке тұлғаларға ауыз су тасымалдау бойынша – 439 рейс

### **Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін атқарылған шаралар.**

- Сексеуіл – Арап бағытындағы ескі ТНГ 1000 су құбырының бойынан 14 ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу, құбыр алмастыру жұмыстары жүргізілді.
- Арап – Арапқұм бағытындағы ТНГ800 су құбырының бойынан орын алған 8 ақауды темір листамен қаптап дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді.
- Арапқұм- Қамыстыбас аралығындағы ТНГ 800 магистральды су құбырлары бойындағы орын алған 2 ақауды темір листамен қаптап жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Қаратерен, Тастан, көне Қаратерен, Аққұлак, Хан, Косжар,Арапқұм, Ескіұра, Райым, Үкілісай, Ақшатау, Бекбауыл, Құмбазар елді мекендердегі су көтеру мұнараларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Қосаман НС Здана, №20 Арап қалалық НС Здана, №3 Арап НС-Здана, Арапқұм НС Здана, Қамбаш НС-бдана Гурнфос маркалы насостарына техникалық күтім жасау жұмыстары мердігер арқылы жүргізілді.
- Күз –қыс мезгілдерінде электр энергиясын үнемдеу мақсатында №2 Бердікөл су көтеру насос стансасы мен №3 Арап су көтеру насос стансаларындағы насос қондырғылары сөндіріліп «Байпас желісі» арқылы су беріліп тұрды.

### **Ауыз судың сапасы бойынша атқарылған жұмыстар:**

Казақстан Республикасының Ұлттық Экономика Министрлігінің 16.03.2015 жылғы №209 қаулысымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық –ауыз сумен жабдықтауға суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су

объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес өндірістік бөлімшеге қарасты нысандардан химиялық көрсеткіштер бойынша 13683 сынама, бактериологиялық көрсеткіштер бойынша 1804 сынамалар алынды. Ауыз судың сапасы ҚР МемСТР-2874-82 стандартына сәйкес келеді.

Жоспарлы түрде аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймаларына көктемгі- күзгі жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

### **Қысқы дайындық жұмыстары бойынша:**

- Қосаман бас су тоғанындағы 25 су ұнғымалары бойынша технологиялық құбырларына термокабельмен жабдықтау жұмыстары жүргізіліп жылу пештері орнатылды.
- Қосаман – Бердікөл – Сексеуіл магистральды су құбыры бойындағы 65 дана бақылау құдықтарының қақпақтары қымталды.
- Қосаман – Ақеспе бағытындағы 20,5 шақырым су құбыры бойындағы 15 дана бақылау құдықтарының қақпақтары қымталды және су құбырларын көму жұмыстары жүргізілді.
- I су көтеру Жалаңаш - №16 Жалаңаш елді мекені бағытындағы 56 шақырым су құбыры бойындағы 15 дана бақылау құдықтарының қақпақтары қымталды және су құбырларын көму жұмыстары жүргізілді.
- Сексеуіл – Арап аралығындағы магистральды су құбыры бойындағы 30 дана бақылау құдықтарының қақпақтары қымталып, ашылып қалған 7 шақырым су құбырларды көму жұмыстары жүргізілді.
- Арап – Арапқұм аралығындағы магистральды су құбыры бойындағы 75 дана бақылау құдықтарының қақпақтары қымталып, ашылып қалған 9 шақырым су құбырларды көму жұмыстары жүргізілді.
- Арапқұм - Қамыстыбас аралығындағы магистральды су құбыры бойындағы 25 дана бақылау құдықтарының қақпақтарын қымтап жабу және, 7 шақырым ашылып су құбырларды көму жұмыстары жүргізілді.
- Қамыстыбас – Бөген – Қаратерең бағытындағы магистральды су құбырлары бойындағы 95 дана бақылау құдықтары қақпақтары қымталып жабу және 5 шақырым ашылып қалған су құбырларын көму жұмыстары жүргізілді.
- Арап қаласындағы 160 дана бақылау құдықтары қымталып жабылып, ашылған су құбырлары толықтай көмілді.
- Бөлімшеге қарасты барлық елді мекендердің 370 дана бақылау құдықтары қымталып жабылып, ашылған су құбырлары толықтай көмілді.

Алдағы уақытта бөлімше тұтынушыларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жоспарлаған жұмыстарын жалғастыра береді. Жұмысшы – қызметкерлердің барлығы арнаулы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілгендігін жеткізді.

Жиналыс төрағасы Н. Шамуратов ұсыныс пікірлерге кезек беріп, жалпы филиалдың атқарып жатқан жұмыстары бойынша қысқаша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.


Г. Қазбаева Байгараев көшесінің тұрғыны аталған көшеде бір дана құдық қакпағының ашық жатқандығын айтты.

И. Қапаров өз кезегінде Байгараев көшесінің бойындағы ашық жатқан құдық қакпағын тез арада жабылып бекітілетіндігін жеткізді.

А. Жолмагамбетов ардагерлер төрағасы мекемедегі атқарылған жұмыстарға көнілі толатындығын және жұмыстарына сәттілік тілеп, ері қарай жұмыстарын жалғастыра берулеріне тілекші екендігін білдірді.


А. Сақтапбергенұлы – Арас аудандық мәслихатының депутаты мекеменің атқарып жатырған жұмыстарына оң бағасын беріп алдағы уақытта жұмыстарына сәттілік тіледі.

Тындаудың төрағасы:



Н. Шамуратов

Хатшысы:



Э. Журимбетова

## **ХАТТАМА**

Әйтеке би кенті

«31» наурыз 2025 жыл

**«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2024 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстардың тұтынушылар мен өзгеде мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тындауы.**

Тындаудың төрағасы: Н. Шамуратов –«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалының директоры.

**Есепті тындауға қатысушылар:**

1.Ж.Балмаганбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы.

2.Ж. Боранқұлов- Әйтеке би кенті әкімшілігі үйымдастыру бөлімінің басшысы

3.Е. Әмиша - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы директордың орынбасары.

4.Д. Тұякбаев – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің басшысы.

5.Т.Алданазаров - «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

6.Ж. Жұсіп - «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімше бастығының орынбасары.

7. Г.Айберген – «Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің іс жүргізуші міндетін атқарушысы.

8. Бөлімшенің қызметкерлері.

9. Ауыз су тұтынушы тұрғындар.

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

«Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2024 жылдың атқарылған жұмыстары туралы есебі.(Баяндамашы –бөлімше бастығыД. Тұякбаев)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тындаудың төрағасы «Сыр сұы» филиалының директоры Н. Шамуратов есепті тындауды ашып жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бөлімше басшысы Д.Тұякбаев 2024 жылдың атқарылған жұмыстарымен бөлімшенің бүгінгі күнгі жағдайы бойынша баяндама жасады.

Д. Тұякбаев сөзін бөлімшені қамтамасыз етіп отырған мамандар, техникалар, су нысандары және ауыз су тұтынушылардың есебімен бастады. Одан ары, таратылған ауыз су көлемін, жиналған қаражатты, тұтынушылардың пайдаланған ауыз суға қордалған қарызы және су шығыны туралы, жоспарлы алдын-ала жөндеу жөндеу жұмыстарына, орын алған ақауларды қалпына келтіруге, ағымды жөндеу

жұмыстарына жұмсалған қаржының есебі туралы жәнепірімов, Ақтан батыр елді мекендерінде жаңадан су қыспакты мұнаралардың орнатылғандығы туралы айтылды. Бұдан басқа, бөлімшениң су нысандарындағы мәселелері туралы сез қозғап, биылғы жылы атқарылуы тиіс жұмыстарды тізбектеді. Сөз сонында, «алдағы уақытта бөлімше бойынша жоспарланған жұмыстар өз дәрежесінде атқарылып, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған тиісті жұмыстар жалғаса береді»- деп баяндамасын аяқтады.

Есепті тыңдаудың төрағасы Н. Шамуратов келесі сөзді «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы Т. Алданазаровқа берді.

**Т. Алданазаров** есепті кезеңдегі бөлімшениң атқарылған жұмыстарын толық баяндап, сөзін бүгінгі күні «Байқожа-Әйтке би кенті №6 НС» аралығындағы жүріп жатқан құрылышы жұмыстарынан мәлімет берумен аяқтады.

Жиналыстың төрағасы Н. Шамуратов тыңдаушылардан: «сұрақтарының, ұсыныс пікірлерінің бар ма, жауап берейік» - деп сұрады.

### **Шығып сөйлегендер:**

**Жаппарберген Қуатов** - Байқожа елді мекенінің тұрғыны: «Байқожа елді мекеніндегі насос станциясына су қыспакты мұнара орнатылса дейміз. Жасалып жатқан құрылыштың жобасында су мұнарасы жоқ екен. Тікелей насоспен айдалады екен. Басқа ауылдарды көріп жүрміз, су мұнарасымен көрсетілген қызмет қандай тиянақты. Ауылдағы көне су құбырларын Сырдариядан аяқ су айдауға носос орнатып көгалдандыруға пайдалануға қалдырсақ деген ұсынысымыз бар» - деді.

**Нұрсайтов Раушанбек** - «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдалануши Қазалы өндірістік бөлімшесінің слесарь-жөндеушісі: -«Қазалы қаласындағы 2011 жылдары салынып пайдалануға берілген су құбырлары бойындағы көру құдықтарындағы темір фасон бөліктерінің шіріп тозуынан ақаулар жиі орын алуда. Ақауды дер кезінде тоқтату үшін реттегіш ашып жабу арматуралары да шіріп тозғандықтан су ұстамайды. Алдағы уақытта ақауларды жылдам қалпына келтіру үшін қажетті материалдармен қамтамасыз етілсе деймін»-деді.

**Н. Шамуратов:** «Байқожаға байланысты ұсынысының өте орынды. Биылдың өзінде президенттің тапсырмасына байланысты 2025 жылға толық 100% ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасы жүзеге асырылуы тиіс». Осыған байланысты, Сарыбұлақ елді мекенінде де ішкі су құбырларын жүргізіп, су мұнарасын тұрғызып ауыз сумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүріп жатыр. Байқожадағы Ақкесектен, 5 ұнғымадан тартылып жатқан су құбыры құрылышы жыл сонына дейін аяқталса, Қазалы ауданының халқын толық ауызсумен тәулігіне 24 сағат қамтамасыз ететін болады. Қосаманнан келе жатқан су құбарлары 1986 жылы салынған көне желі. Өздеріңіз білесіздер, біздер жастау кезімізде мынадай сапалы су болмай, іш аурулары, бүйрек аурулары көптеп кездесті. Ауданымызға Қосаманның сүй келгелі халықтың денсаулығы жақсарды. Қазіргі мәселе, қаншама жыл уақыт өтті, енді су нысандардың тозығы жетіп тұр. Сондықтан, Қосаманнан Бердікөлге, Бердікөлден Сексеуілге, Аралға, Қамбашқа, Қазалыға құятын екінші желі керек. Жобаға 43 млрд қаржы құжаттарын дайындауға берілген. Бүгінде тендердің жеңімпазы анықталды. Соған қаржы бөлініп жатыр. Аманшылық болса осы жұмыс басталады. Бұл екінші линия жүретін болса, ол уақытта Қазалы ауданына ауыз судан қиыншылық болмайды. Мына жақтан Ақкесектің жұмысы бітсе, онда халыққа 100

пайыз таза ауыз сүмен қамтамасыз етіледі деген сөз. Одан бөлек Шиелі, Жаңақорған аудандарында екінші линия жүріп, биыл қабылдауға күжаттарын дайындал жатырмыз. Талап, Сырдария аудандарында 8 ұнғыма қазылған, биыл 5 ұнғыманың 3-еуі дайын тұр, енді 2 ұнғыма қазып бітіп, пайдалануға қабылдасақ, соныменен Қызылорда облысы бойынша түгелімен ауызсүмен қамтамасыз ету бағдарламасы орындалады. Оған 17 млрд қаржы бөлінген. Амандық болса, биыл бұл жұмыстар біtedі.

Енді, сонау Сарыбұлақтағы үйге су кіріп, үйінің ішінен су пайдаланатын болса, Байқожа да бір ел ғой, соңдықтан жаңағы ұсыныстарының да өте дұрыс. Соны ауданың басшылығына, облысқа және Республикаға қойып мәселені шешуге жұмыс жасауымыз керек. Енді, көп жерлерде, оның ішіндегі Қазалы қаласында, Әйтеке би кентінде ішкі желілерімізде тозығы жетken жерлер көп. Менің осы мекемеге келіп қызмет істегеніме 2 жыл болды. Барлығы тарифпен реттелетіні белгілі. Мен келгенде тариф 392 теңге болды. Содан жиналған қаржыға барлық шаруаларымызды атқарып шығу мүлде мүмкін емес. Алдағы сәуір айының 1-нен бастап тариф 661,33 теңге болып күшіне еніп, жалақымыз 15 пайызға көтерілетін болады. Май, июнь айларында жалақымыз тағы да 40-50 пайыз көтеріледі деп күтілуде. Екінші мәселе, біздің тозығы жетken техникарарымыз да жаңалануға тиісті. Қазалы ауданына 5-6 дана техника бөлеміз деп отырмыз. Қызметкерлеріміз жаздық арнайы киімдермен толық қамтамасыз етілді. Аманшылық болса тендерімізді өткізіп, қыстық арнайы киімдермен де қырқүйек айна дейін қамтамасыз етіледі. Жөндеу жұмыстарына 208 млн қаражат бөлінді. Келесі жылы 5 жылдық тарифке кіреміз. Тарифімізді әлде де көтереміз.

Айлық жалақымыз үкіметтен бекітіліп келсе, тарифімізді белгіленген мөлшерімізге апарып алсақ, халыққа, қиналмай ел қатарлы дұрыс деңгейде қызмет көрсетуге мүмкіндік болады. Өткен жылдан қалған аз-кем қарыздарымыз бар. Соларды жабу үшін, занылығына сәйкес халыққа айтып жүрген техникалық қызметке бір жылға 2500 теңге төлеп келісім шартқа отыру керек. Қандайда бір ақау болса, жөндеу жұмыстары болса, телефон арқылы тапсырыс беріп, қызмет ала аласыздар. Су есептеу құралдарын да 5 жылдан кейін пайдалану мерзімі аяқталады. Оны да дер кезінде ауыстырып отыру керек. Осындай өзге қызмет көрсетудің бекітілген калькуляциясына сәйкес ақысын аламыз. Бұның барлығы да жетпей жатқан тарифтен тыс жұмыстарымызды атқару үшін керек. Кәсіподак ұйымы өткен жылы бірқатар қызметкерімізді санаторияға жіберіп, алғашқы мектепке баратын 120балага қағаз қаламын, сөмкесін әперіп көмек берілді.

Биыл кәсіподак ұйымы есебінен 70-ке жуық санаторияға жолдама бар. Қамбаштағы лагермен келісім алдып, қаржысын аударып қойды. Жазда 100 бала тегін демалып келетін болады. Осындай-осындай қолдан келетін шараларды жасап жатырмыз. Сөзімді қортындыла келе, ұжымда айқай шусыз, күнде де, түнде де, күннің сұғында да, аптап ыстықта да ауызбіршілікпен жұмыс атқарып отырған сіздерге рақметтен басқа айтарым жоқ. Елден алған батамыз өзінше бөлек. Сондықтан осындай ауызбіршілікпен жұмыстар атқарып жүре берініздер. Әздеріңіздің алдарыныңға келіп атқарылған азғантай жұмыстарымызды айтайық, алда қандай міндеттеріміз бар оны қосайық, басқа да шешілмеген мәселелер болса

шешейік деп келіп отырмыз. Басқа да айтатындарыңыз болса тыңдайық, жауап берейік»

Балымбетов Ақжолан - Әйтеке би кенті тұрғыны:- «мен өзім ай сайын 240 теңге суға төлеймін. Суды ауыз суға да, кір жууға да, ау бақшаға да пайдаланып отырмыз. Су құбырында ақау болса мекеменің жігіттері жылдам келіп жасап беріп жатыр. Бұдан артық бізге не керек. Түсінбеген жерлерімізді осы жерде түсініп жатырмыз. Қызметтеріңізге алғыс айтайын деп едім. Жұмыстарыңыз табысты бола берсін, от бастарыңыз аман болсын, Рахмет»

Алдажаров Кәрібай -Майлышас ауылы тұрғыны: «Біз, мынау Майлышастан келіп отырмыз. Рахмет, судан ешқандай кедергі жоқ. Үйімізде колонка ағып тұр. Ай сайын судың ақшасын төледік. Жанағы айтылған техникалық қызметтің де ақысын төледік. Рахметтен басқа айтарымыз жоқ»- деп артынан жиналғандарға батасын берді.

#### Қорытынды:

«Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің 2024 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға қатысушилар тарапынан «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты сағат 15<sup>00</sup>ден-17<sup>00</sup>-га дейін.

Есепті тыңдаудың төрағасы

Н. Шамуратов

Хатшы:

Г. Айберген

## ХАТТАМА

Әйтеке би кенті

«31» наурыз 2025 жыл

«Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстардың тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында өткізілген есепті тыңдауы.

Тыңдаудың тәрағасы: Н. Шамуратов – «Қазсушар»ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалының директоры.

### Есепті тыңдауга қатысушылар:

1. Ж. Боранқұлов - Әйтеке би кенті әкімшілігі ұйымдастыру бөлімінің басшысы
2. Е. Әмиша - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы директордың орынбасары.
3. Д. Тұяқбаев – «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің бастығы.
4. Т. Алданазаров - «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.
5. Ж. Жүсіп - «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімше бастығының орынбасары.
6. А. Ұзақбай - Хатшы – «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс жүргізушісі.
7. Бөлімшенің қызметкерлері
8. Ауыз су тұтынушы тұрғындар.

### Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2024 жылдың атқарылған жұмыстары туралы есебі. (Баяндамашы – бөлімше бастығы Д. Тұяқбаев)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың тәрағасы «Сыр сұы» филиалының директоры Н. Шамуратов есепті тыңдауды ашып жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы Т.Алданазаров және «Арал – Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесінің бастығы Д.Тұяқбаев 2024 жылдың атқарылған жұмыстарымен бөлімшенің бүгінгі күнгі жағдайы бойынша баяндама жасады.

Д. Тұяқбаев сөзін бөлімшени қамтамасыз етіп отырған мамандар, техникалар, су нысандары және ауыз су тұтынушылардың есебімен бастады. Одан ары, таратылған ауыз су қөлемін, жиналған қаражатты, тұтынушылардың пайдаланған ауыз суға кордаланған қарызы және су шығыны туралы, жоспарлы алдын-ала жөндеу жөндеу жұмыстарына, орын алған ақауларды қалпына келтіруге, ағымды жөндеу жұмыстарына жұмсалған қаржының есебі туралы және Пірімов, Ақтан батыр елді мекендерінде жаңадан су қыспакты мұнаралардың орнатылғандығы туралы

айтылды. Бұдан басқа, бөлімшениң су нысандарындағы мәселелері туралы сөз көзғап, биылғы жылы атқарылуы тиіс жұмыстарды тізбектеді. Сөз сонында, «алдағы уақытта бөлімше бойынша жоспарланған жұмыстар өз дәрежесінде атқарылып, тұтынушыларды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге бағытталған тиісті жұмыстар жалғаса береді»- деп баяндамасын аяқтады.

Есепті тыңдаудың төрағасы Н. Шамуратов келесі сөзді өндірістік бөлімшениң бастығы Т. Алданазаров берді.

**Т. Алданазаров** есепті кезеңдегі бөлімшениң атқарылған жұмыстарын толық баяндаپ, сөзін бүгінгі күні жүріп жатқан «Байқожа топтық су құбырының сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңғырту» жобасы бойынша құрылыш жұмыстарының мәліметін берумен аяқтады.

Жиналыстың төрағасы Н. Шамуратов тыңдаушылардан: «сұрактарының, ұсыныс пікірлерініз бар ма, жауап берейік» - деп сұрады.

#### **Шығып сөйлегендер:**

**Жаппарберген Қуатов** - Байқожа елді мекенінің тұрғыны: «Байқожа елді мекеніндегі насос станциясына су қыспақты мұнара орнатылса дейміз. Жасалып жатқан құрылыштың жобасында су мұнарасы жоқ екен. Тікелей насоспен айдалады екен. Басқа ауылдарды көріп жүрміз, су мұнарасымен көрсетілген қызмет қандай тиянақты. Ауылдағы көне су құбырларын Сырдариядан аяқ су айдауға носос орнатып көгалданыруға пайдалануға қалдырысак деген ұсынысымыз бар» - деді.

**Нұрсайтов Раушанбек** - «Арал–Сарыбұлак топтық су құбырын» пайдалануши Қазалы өндірістік бөлімшесінің слесарь-жөндеушісі: -«Қазалы қаласындағы 2011 жылдары салынып пайдалануға берілген су құбырлары бойындағы көру құдықтарындағы темір фасон бөліктерінің шіріп тозуынан ақаулар жи орын алуда. Ақауды дер кезінде тоқтату үшін реттегіш ашып жабу арматуралары да шіріп тозғандықтан су ұстамайды. Алдағы уақытта ақауларды жылдам қалпына келтіру үшін қажетті материалдармен қамтамасыз етілсе деймін»-деді.

**Н. Шамуратов**: «Байқожаға байланысты ұсынысының өте орынды. Биылдың өзінде президенттің тапсырмасына байланысты 2025 жылға толық 100% ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасы жүзеге асырылуы тиіс». Осыған байланысты, Сарыбұлак елді мекенінде де ішкі су құбырларын жүргізіп, су мұнарасын тұрғызып ауыз сумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүріп жатыр. Байқожадағы Ақкесектен, 5 ұнғымадан тартылып жатқан су құбыры құрылышы жыл сонына дейін аяқталса, Қазалы ауданының халқын толық ауызсумен тәулігіне 24 сағат қамтамасыз ететін болады. Қосаманнан келе жатқан су құбарлары 1986 жылы салынған көне желі. Өздерінің білесіздер, біздер жастау кезімізде мынадай сапалы су болмай, іш аурулары, бүйрек аурулары көпtek кездесті. Ауданымызға Қосаманың суы келgelі халықтың денсаулығы жақсарды. Қазіргі мәселе, қаншама жыл уақыт өтті, енді су нысандардың тозығы жетіп тұр. Сондықтан, Қосаманнан Бердікөлге, Бердікөлден Сексеуілге, Аралға, Қамбашқа, Қазалыға құятын екінші желі керек. Жобаға 43 млрд каржы құжаттарын дайындауға берілген. Бүгінде тендердің женімпазы анықталды. Соған қаржы бөлініп жатыр. Аманшылық болса осы жұмыс басталады. Бұл екінші линия жүретін болса, ол уақытта Қазалы ауданына ауыз судан киыншылық болмайды. Мына жақтан Ақкесектің жұмысы бітсе, онда халыққа 100 пайыз таза ауыз сумен қамтамасыз етіледі деген сөз. Одан бөлек Шиелі, Жанақорған

3-еуі дайын тұр, енді 2 ұнғыма қазып бітіп, пайдалануға қабылдасақ, соныменен Қызылорда облысы бойынша түгелімен ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасы орындалады. Оған 17 млрд қаржы бөлінген. Амандық болса, биыл бұл жұмыстар біtedі.

Енді, сонау Сарыбұлақтағы үйге су кіріп, үйінің ішінен су пайдаланатын болса, Байқожа да бір ел ғой, сондықтан жаңағы ұсыныстарының да өте дұрыс. Соны ауданның басшылығына, облысқа және Республикаға қойып мәселені шешуге жұмыс жасауымыз керек. Енді, көп жерлерде, оның ішінде Қазалы қаласында, Әйтеке би кентінде ішкі желілерімізде тозығы жеткен жерлер көп. Менің осы мекемеге келіп қызмет істегеніме 2 жыл болды. Барлығы тарифпен реттелетіні белгілі: Мен келгенде тариф 392 теңге болды. Содан жиналған қаржыға барлық шаруаларымызды аткарып шығу мүлде мүмкін емес. Алдағы сәуір айының 1-нен бастап тариф 661,33 теңге болып күшіне еніп, жалақымыз 15 пайызға көтерілетін болады. Май, июнь айларында жалақымыз тағы да 40-50 пайыз көтеріледі деп күтілуде. Екінші мәселе, біздің тозығы жеткен техникаларымыз да жаңалануға тиісті. Қазалы ауданына 5-6 дана техника бөлеміз деп отырмыз. Қызметкерлеріміз жаздық арнайы киімдермен толық қамтамасыз етілді. Аманшылық болса тендерімізді өткізіп, қыстық арнайы киімдермен де қыркүйек айна дейін қамтамасыз етіледі. Жөндеу жұмыстарына 208 млн қаржат бөлінді. Келесі жылы 5 жылдық тарифке кіреміз. Тарифімізді әлде де көтереміз. Айлық жалақымыз үкіметтен бекітіліп келсе, тарифімізді белгіленген мөлшерімізге апарып алсақ, халыққа, қиналмай ел қатарлы дұрыс деңгейде қызмет көрсетуге мүмкіндік болады. Өткен жылдан қалған аз-кем қарыздарымыз бар. Соларды жабу үшін, заңдылығына сәйкес халыққа айтып жүрген техникалық қызметке бір жылға 2500 теңге төлеп келісім шартка отыру керек. Қандайда бір ақау болса, жөндеу жұмыстары болса, телефон арқылы тапсырыс беріп, қызмет ала аласыздар. Су есептеу құралдарын да 5 жылдан кейін пайдалану мерзімі аяқталады. Оны да дер кезінде ауыстырып отыру керек. Осындай өзге қызмет көрсетудің бекітілген калькуляциясына сәйкес ақысын аламыз. Бұның барлығы да жетпей жатқан тарифтен тыс жұмыстарымызды атқару үшін керек. Қәсіподак ұйымы өткен жылы бірқатар қызметкерімізді санаторияға жіберіп, алғашқы мектепке баратын 120 балаға қағаз қаламын, сөмкесін әперіп көмек берілді. Биыл қәсіподак ұйымы есебінен 70-ке жуық санаторияға жолдама бар. Қамбаштағы лагермен келісім алып, қаржысын аударып қойды. Жазда 100 бала тегін демалып келетін болады. Осындай-осындай қолдан келетін шараларды жасап жатырмыз. Сөзімді қортындыла келе, ұжымда айқай шусыз, күнде де, түнде де, күннің сұрығында да, аптап ыстықта да ауызбіршілікпен жұмыс атқарып отырған сіздерге рақметтеп басқа айттарым жок. Елден алған батамыз өзінше бөлек. Сондықтан осындай ауызбіршілікпен жұмыстар атқарып жүре берініздер. Әздерініздің алдарыңызға келіп атқарылған азғантай жұмыстарымызды айтайық, алда қандай міндеттеріміз бар оны қосайық, басқа да шешілмеген мәселелер болса шешейік деп келіп отырмыз. Басқа да айтатындарының болса тыңдайық, жауап берейік»

**Балымбетов Ақжолан -** Әйтеке би кенті тұрғыны:- «мен өзім ай сайын 240 теңге суға төлеймін. Суды ауыз суға да, кір жууға да, бау бақшаға да пайдаланып отырмыз. Су құбырында ақау болса мекеменің жігіттері жылдам келіп жасап беріп

жатыр. Бұдан артық бізге не керек. Түсінбеген жерлерімізді осы жерде тусініп жатырмыз. Қызметтерінізге алғыс айтайын деп едім. Жұмыстарының табысты бола берсін, от бастарының аман болсын, Рахмет»


Алдажаров Кәрібай -Майлышас ауылы тұрғыны: «Біз, мынау Майлышастан келіп отырмыз. Рахмет, судан ешқандай кедергі жоқ. Үйімізде колонка ағып тұр. Ай сайын судың ақшасын төледік. Жаңағы айтылған техникалық қызметтің де ақысын төледік. Рахметтен басқа айтартымыз жоқ»- деп артынан жиналғандарға батасын берді.

**Корытынды:**


«Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылы тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға тыңдауға қатысушылар тараپынан «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыты сағат 15<sup>00</sup>ден-17<sup>00</sup>-ға дейін.

Есепті тыңдаудың төрағасы

  
Н. Шамуратов

Хатшы:

  
А. Ұзақбай

## **ХАТТАМА**

**Жаңақорған кенті**

**03 сәуір 2025 жыл**

«Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2024 жылдың қорытындысебін тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы:** Н. Шамуратов – РМК Қазсушар «Сыр сұзы» филиалы директоры.

**Есепті тыңдауға қатысуышылар:**

1. Ж.Балмаганбетов - ҚР ҰӘМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы.
2. М.Аралбаев - «Сыр сұзы» филиалының директорының орынбасары
3. М.Сәмитов – Жаңақорған ауданы әкімі.
4. Ф.Шерниязов – «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорғанөндірістік бөлімшесі басшысы.
5. М.Қабетенов - Жаңақорған ауданын оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімше басшысы.
6. Қ.Сапарбаев – Жаңақорған ауданы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы.
7. Хатшы- Т.Елеусіз өндірістік бөлімше инженер-технологы.

**Тұрғындар:** Жаңақорған кентінің тұрғыны Е.Қалдыбековтың, А.Абилтаева, Қ.Нуралиев

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

Жаңақорған өндірістік бөлімшесі 2024 жылдың қорытындысы бойынша көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі.

( Баяндамашы – Ф.Шерниязов - бөлімше басшысы.)

«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Сыр сұзы» филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесінде 11-насос станциясы, 8 дана су қыспақты мұнарасы, және **59,85** шақырым магистралды су құбыры бар, өндірістік бөлімшеде жалпы ұзындығы **437,07** шақырым су құбыры болса, оның ішінде; кент ішінде су жүйелері құбырының ұзындығы **273,748** шақырым, ауылдық елді мекендер бойынша ішкі су жүйелері құбырларының ұзындығы **163,320** шақырымды

күрайды. Жаңақорған ауданында **81530** халық тұрады. бөлімшеге қарасты **6,703** абоненте тұратын **34,971** халық орталық су жүйесіне қосылған. Атап айтқанда Жаңақорған кентінде су тұтынып отырған **5,015** абоненте тұратын **24,664** халыққа қызмет көрсетіп отырсақ, бөлімшеге қарасты Төменарақ, Сунақата, Еңбек, Екпінді, Қожамберді, Сұттікүдық, Жайылма, осы **7** елді мекен бойынша **1,817** абоненте тұратын **10,307** халыққа сум таратып қызмет көрсетіп отырмыз. Одан бөлек бөлімшемен келісімшарт жасасқан **182** мекеме, оның ішінде; **47** бюджеттік, **135** өзге мекемелерді және дара кәсіпкерлерді ауыз сүмен қамтамасыз етіп отырмыз. Жаңақорған өндірістік бөлімшесінде **88** жұмысшы-қызметкер жұмыс жасайды, **9** дана бірлік техника жұмылдырылған.

2024 жыл 12 айдың қортындысы бойынша қабылдаған ауысу көлемі **1'455,691** текше метрді құраса, тұтынушыларға таратылған ауыз судың көлемі **1'454,320** текше метр, (**қалдық 1371 текше метр**)**Тұтынушылардан** жиналған қаражат көлемі **33'016,671** теңге болса, заңды тұлғалардан өндірілгені **60'776,155** теңге, барлығы **93'792,827** теңгені күрайды.

**Есепті кезеңде** жоспарда тыс барлығы **36** ақаулар орын алды. Оның ішінде; Магистрал бойынан **1**, Жаңақорған кентінен **29**, Елдімекендер бойынша **6** ақау орын алды. Ақаулардың негізгі себептері қысымға шыдамаған полиэтилен құбырлардың жалғанған, яғни дәнекерленген жерінен ажырап кетуі, көру құдықтарының ішіндегі тозығы жеткен темір фасон бөліктерінің шіріп тесіліп жарамсыздандынан орын алғаны анықталды. Негізгі ақауларды қалпына келтіру барысында түрлі диаметрдегі электромуфталар, адапторлар, флянецтер, темір және полиэтиленді құбырлар, майлы арқандар пайдаланылды.

2024 жылы жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына қаржылай көрсеткіші **716,865.04** теңгені күрайтын шикізат-материалдар жұмсалып, кент және елді мекендер бойынша су тарату бекеттерінің ауласындағы, ішкі су жүйелері бойындағы көру құдықтарының іші лайдан, ыза сулардан тазартылып, ішіндегі ашып-жабу арматуралары, өрт гидранттарына техникалық күтім жасалды. Сонымен қатар барлық насос станцияларының аумағында санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, темір бетон қоршауларын әктеу, темір қақпаларын сырлау және насос қондырғыларына, қосалқы электр трансформаторларына техникалық күтім жасау жұмыстары атқарылды. Сонымен қатар ішкі су жүйелері бойындағы көру құдықтарының сынған, жарамсыздандынған люктерінің орнына орталық базадан берілген материалдардан, **78** дана қолдан темір қақпактар жасалынып орнатылды. Кент орталығында сервистік құрылыштар жұмыстары жүргізуіне байланысты жаңа құбырға жалғанған тұтынушылардың көше бойындағы ескі су жүйелерін оқшаулап орталық су жүйесінен ажырату жұмыстары атқарылды.

## **Жыл басынан бері өндірістік бөлімше бойынша атқарылған жұмыстар:**

Жаңақорған кенті №1 насос станциясы арқылы Май бекеті мәлтек ауданындағы әлсіз топтарға арналып салынған 50 түрғын үйлерге су жеткізу мақсатында көру құдығы ішіне насос қондырғысын орнатып су тарату жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар қараша, желтоқсан айларында Тақыркөл бас су тоғанынан Жаңақорған кентіндегі №1ші насос станциясы аралығына «Ақмешіт мелиоратор» мердігер мекемесі екінші магистралды су құбырын жүргізу құрылыш жұмыстарын аяқтады, №1ші насос станциясының технологиялық құбырлары ауыстырылды, және жаңадан 90 квт-ты вилло атмос маркалы үш насос қондырғысы орнатылды. Кент орталығына және елді мекендер бойынша таратылған судың қаражатын жинау мақсатында арнайы рейд жұмыстары жүргізіліп түрғындардан ауыз су қаражаты жиналды және ауыз су қаражатын уақытылы төлеу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Өзге қызмет бойынша 1,636 жеке тұтынушымен және 17 занды тұлғалармен техникалық қызмет көрсету келісім шарты жасалды. Жалпы өзге қызмет бойынша түскен қаражат 36'986,433 теңгені құрайды. Көктем айларында су қоймаларына және су желілеріне кезекті жуу-шаю жұмыстары жүргізіліп су сынамалары алынды. Одан бөлек алдын ала жөндеу жұмыстары жоспарына сәйкес насос станциялары ғимараттарын әктеу құбырларын сырлау және көше бойындағы көру құдықтары ішін тазалау жұмыстары жүргізілді.

**Жоспарлы** түрде аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймаларына көктемгі- күзгі жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

**Сүттіқұдық елді мекенінде** орталық ауыз су құбырына жалғанғаны 371 үйде тұратын 2,083 адам. №4-ші насос станциясындағы су қыспакты мұнарасы арқылы тұтынушыларға 16 сағат су мұнарасы арқылы ауыз су таратылуда. Қазіргі танда аудандық құрылыш бөлімінің елді мекендердің ауыз су құбырларын жаңғырту және кеңейту бағдарламасы аясында құрылыш жұмыстары аяқталып жаңа құбыр арқылы су таратылуда.

**Төменарық елді мекенінде** орталық ауыз су құбырына жалғанғаны 704 үйде тұратын 3,920 адам. Елді мекенде орналасқан №5, №6-шы насос станциялары арқылы тәулігіне 16 сағат ауыз су таратылуда. Аудандық құрылыш бөлімінің тапсырысымен ауыз су жүйелерін кеңейту және қайта жаңғырту бағдарламасы аясында құрылыш жұмыстары жүргізіліп ауыз су берілуде.

**Кожамберді елді мекенінде** орталық ауыз су құбырына жалғанғаны 144 үйде тұратын 794 адам. №7-ші насос станциясындағы су қыспакты мұнарасы арқылы тұтынушыларға 24 сағат су мұнарасы арқылы ауыз су таратылуда. Қазіргі танда аудандық құрылыш бөлімінің елді мекендердің ауыз су құбырларын жаңғырту және кеңейту бағдарламасы аясында құрылыш жұмыстары аяқталып жаңа құбыр арқылы су таратылуда.

**Сұнақата елді мекенінде** орталық ауыз су құбырына жалғанғаны 350 үйде тұратын 1,884 адам. №8-ші насос станциясындағы су қыспақты мұнарасы арқылы тұтынушыларға 24 сағат ауыз су таратылуда. Аудандық құрылыш бөлімінің тапсырысымен ауыз су жүйелерін кеңейту және қайта жаңғырту бағдарламасы аясында құрылыш жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда құрылыш жұмыстары аяқталып, жаңа құбырлармен тұтынушыларға ауыз су таратылуда.

**Еңбек елді мекенінде** орталық ауыз су жүйесіне қосылғаны 101 үйде тұратын 581 адам. №9-шы насос станциясы тұтынушыларға су қыспақты мұнарасы арқылы 24 сағат ауыз су таратуда. Аудандық құрылыш бөлімінің тапсырысымен ауыз су жүйелерін кеңейту және қайта жаңғырту бағдарламасы аясында құрылыш жұмыстары аяқталған. Жаңа құбырлармен ауыз су таратылуда.

**Екпінді елді мекенінде** орталық ауыз су жүйесіне қосылғаны 147 үйде тұратын 900 адам. №10-шы насос станциясы тұтынушыларға су қыспақты мұнарасы арқылы 24 сағат ауыз су таратуда. Аудандық құрылыш бөлімінің тапсырысымен ауыз су жүйелерін кеңейту және қайта жаңғырту бағдарламасы аясында құрылыш жұмыстары аяқталған. Жаңа құбырлармен ауыз су таратылуда.

**Электр қондырғыларымен** ішкі және сыртқы жарық шамдарын күтіп баптау, жарамсыз материалдарын ауыстыру шаралары жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының кестесіне сәйкес уақытылы жүргізілді. Ая райына байланысты бөлімшеге қарасты барлық трансформаторлар жүктемесі тексеріліп, қалыпты жағдайда жұмыс жасап тұр. Трансформаторлар мен барлық оқшаулағыштар, электр қондырғылар шаңнан тазартылып техникалық күтім жасалды.

**Автотехнилар мен арнайы техникаларға** күтім жасау жұмыстары уақтылы атқарылуда. Барлық техникалар пайдалануға жарамды. Еңбек қорғау саласы бойынша орталық филиалдан берілген арнаулы киімдер мен аяқ киімдер және еңбек құрал-саймандар жұмысшы қызметкерлерге уақтылы табысталуда. 2024 жыл ішінде оқыс оқиға орын алған жоқ. Көктем, жаз айларында ағаш отырғызу, арам шөптерден тазарту жұмыстары және сенбіліктер ұйымдастыру уақтылы орындалуда. Алдағы уақытта халықты ауыз сумен қамтмассыз ету жұмыстары сапалы түрде жалғасын табады.

### **Сөз алғандар:**

- Е.Қалдыбеков – Жанпейсов көшесіндегі ұбыр ескіргендіктен, қыс бойы апattyқ жағдайлар көп орын алады. Жанпейсов көшесіндегі құбырды жаңартуды сұраймыз. Құмсағаба №2-ші насос станциясынан – Сейтпенбетов көшесіне дейінгі су құбырын жаңартып беруді сұрайды. Себебі, бұл құбырлар ескірген, апatty жағдайлар көп орын алады. Осы жағдайлардан Жаңауыл, Корғантогай мөлтек аудандарында су жетіспеуде.

- А.Абилтаева – Жанақорған кентіндегі Алтыкрант, Май бекеті мөлтек аудандарын ауыз сумен толық қамтуын сұрайды. Ауыз су мекемесіндегі жұмыс істейтін жұмысшы қызметкерлер қысы-жазы ауа-райының қолайсыздығына қарамай жұмыс жасайды. Алайда жалақылары өте төмен. Еңбек ақыларын көтеруді сұраймын

- К.Нуралиев – Жанақорған кентіндегі Саяжай мөлтек аудандауының кеңеюінен халық саны артуда, осыған байланысты су жетіспеушілігі туындауда. Осы себепті мөлтек ауданынан насос станциясын салып беруді сұрайды.

#### Қорытынды:

«Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жанақорған өндірістік бөлімшесінің 2024 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тындау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 11<sup>00</sup>нан-13<sup>00</sup>-ге дейін.

**Тындаудың төрағасы:**

**Хатшы:**



**Н.Шамуратов**

**Т.Елеусіз**

## ХАТТАМА

Жаңақорған кенті

03 сәуір 2025 жыл

«Сыр сұы» филиалы «Талап Сырдария топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің су құбыры арқылы ауыз су жеткізу қызметін тұтынушыларға 2024 жылдың қорытынды есебін тындауы.

**Тындаудың төрағасы:** Н.Шамуратов – «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы директоры.

**Есепті тындауга қатысушылар:**

1. «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалының бас инженері директор орынбасары М.Аралбаев
2. F.Шерніязов – «Жиделі топтық су құбырын» пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі басшысы.
3. Т.Сейсенов – Талап Сырдария топтық су құбыры өндірістік бөлімше басшысының м.у.а.
4. Хатшы- А.Жуманов өндірістік бөлімше абонент бөлім менгерушісі.

**Тұрғындар:** Есболғанов көшесінің тұрғыны С.Сердалиева, Жанпейсов көшесінің тұрғыны Абуов Әлмұрат, Ш.Уалиханов көшесі тұрғыны А.Абилтаева және ауыз су тұтынушылар.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

Жаңақорған өндірістік бөлімшесі 2024 жылдың қорытындысы бойынша көрсетілген қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мұдделі тұлғалар алдындағы есебі.

( Баяндамашы – Т.Сейсенов - бөлімше басшысы міндеттін атқарушы.)

**«Талап-Сырдария топтық су құбыры»** өндірістік бөлімшесінде **Сырдария** бойындағы елді мекендердің ішкі су құбырларының ұзындығы **269,034** шақырымды құрайды, **Талап** топтық су қоры бойынша ішкі су құбырларының ұзындығы **292,584** шақырымды құрайды. Оның ішінде **магистрал** су құбырлары Сырдария бойында **241,194** шақырым, Талап бойында **247,194** шақырымды құрайды.

1. Бас тоғаннан өндірілген су халықты үздіксіз қамтамасыз етуге жетіспеуде. Қазіргі танда Бас тоғанда 8 ұнғымадан 6 дана ұнғыма жұмыс жасап тәулігіне 2000-3500  $m^3$  су өндіріліп таратылуда.
2. **Тұғисken, ст.Талап, Қыраш, Өзгент, Қаратөбе, Көктөбе** елді мекендерінде қосымша өз скважиналарынан қосылып ауыз су үздіксіз 24 сағат беріледі, қалған елді мекендерге халықпен келісілген уақытпен ауыз сумен қамтамасыз етіп отырмыз.

Жалпы өндірістік бөлімшеде 28 елді мекенге 102 жұмысшы штаттық кестемен қызмет атқарудамыз.

Барлық насос станциялар мен әкімшілік ғимаратта санитарлық талаптар сақталған. Насос станцияларының ішіндегі тазалық жұмыстары мен енбек куаіпсіздігіне байланысты түсініктеме жұмыстары уақытылы жүргізіліп отырады.

3. Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары дер кезінде орындалып, орын алған апаттық жағдайлар алдын ала жөндеу жұмыстары уақытылы орындалуда.

Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарына бөлінген жанар жағар майлар күнделікті орын алған апаттық жұмыстарға жұмсалуда.

4. Жалпы өндірістік бөлімшеге қарасты ауыз су пайдалануышы 4707 абонент бар, халық саны 26,608 құрап отыр.

Жеке тұлғалардан жыл бойынша ауыз судан өндірілген қаражат 18,270157,71тг құрайды Бюджеттік мекемелерден 16 581 204,35тг құрап отыр.

5. Өзге қызмет түрлері бойынша пломба және техникалық келісім шарт бойынша т.б. қызмет жыл басынан бастап 3 256 385 теңгені құрады.

6. Судың сапасын СЭС мамандарымен бірлесіп сынамасын және сапасын ай сайын анықтап отырмыз. Су қоймалары мен су мұнараларын жылына 2 рет көктемгі және күзгі жоспарлы жуу-شاю хлорлау жұмыстары жүргізіліп тұрады.

7. Өндірістік бөлімше теңгерімінде 2 дана Case экскаваторы, 2 дана Уаз фермер автокөлігі және 1 дана Нива автокөлігі қарастырылған. Апаттық жағдайларда елді мекендердің қашықтығының ұзақтығына байланысты техникалар мен слесарь жұмысшыларының аздығынан, қосалқы бөлшектердің жоқтығынан қыншылықтар туындал отырады.

8. Келінтөбе елді мекенінде насос станциясы 1979 жылы салынған, су жинау қоймасы Биылғы жылға жаңадан аудандық бюджеттің есебінен қаржыландырылып, жаңадан су жинау 400м<sup>3</sup> қоймасы, насос станциясын және 50м<sup>3</sup> су көтеру мұнарасын, 630 метр ішкі магистраль су құбырын жаңадан салу құрылышын бітіріп пайдалануға берілді. Құттықожа, НС-4С, ст. Бесарық елді мекендерінде насос станцияларының повелиондарының сыртқы сылактары, төбе жабындылары жаңадан толықтай сыйланып әктелді. Бас тоғандағы қосымша 5 дана ұнғыма қазылып жатыр және құрылыш жұмыстары жүріп жатыр, толық іске қосылған жағдайда халықты толық ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндігіміз болады.

### Проблемалық мәселелер.

Қожакент елді мекеніндегі ішкі сервистік су жүйелері өзекті мәселеге айналып тұр. Су есептегіш құралдары істен шығып, тұрғындар есептегіш құралдарын өз қаражаттары есебінен алуға қарсылық білдіруде.

Жалпы Сыр бойы елді мекендерінің абоненттік көру құдығы ішіндегі вентильдермен су таратқыштары (разеденитель) су есептеуіш құралдары, көр құдықтары (КЦП) күнге мұжіліп шіріп, тесіліп ақаулар көп орын алып отыр және Түгісken-Қожакент елді мекендерінің аралығындағы d-280мм магистраль су құбырының 3000 метрін ауыстыруды қажет етеді.


**Қорытынды:**

«Талап Сырдария топтық су құбырын» пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2024 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тындау жабық деп жарияланды. Откізілген уақыт сағат 11<sup>00</sup>нан-12<sup>00</sup>-ге дейін.

Тындаудың тәрағасы

Хатшы:

Н.Шамуратов

А.Жуманов

**«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің Х А Т Т А М А С Ы**

**Шиелі кенті**

**03 сәуір 2025 жыл**

«Сыр сұы» филиалы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің магистралды су құбыры мен таратушы желілер арқылы ауыз су жеткізу қызметін пайдаланушы тұтынушылар және өзге де мұдделі тұлғалар алдындағы **2024 жылдың** қорытындысы бойынша есепті тындауы.

**Баяндамашы:** А. Сарсембаев - «Сыр сұы» филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы.

**Тындаудың төрағасы:** Н. Ш. Шамуратов - «Сыр сұы» филиалының директоры.

**Хатшысы:** Г. Есжанова - «Сыр сұы» филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі, кадр инспекторы.

**Есепті тындауга қатысушылар:**

1. Ж. Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы.

2. Б. Кемелбеков - «Сыр сұы» филиалының директорының орынбасары.

3. Б. Ж. Сағындықов - Шиелі ауданы әкімінің орынбасары.

4. Ә. Ә. Исмайлұлов - Шиелі аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

5. Т. Е. Жәрімбетов - Шиелі кенті әкімінің орынбасары.

6. Ф. С. Аманжолов - «Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы.

7. Қ. Бекішев - Шиелі аудандық қоғамдық кеңес төрағасы.

8. С. А. Абраимов - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бастығының орынбасары.

9. Д. К. Рамазанова - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің есепшісі.

10. Д. Ж. Алтынбеков - «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің ЕҚ және ЕҚ инженері.

**Тұрғындар:** Шиелі кентінің тұрғындары - А. Пак, Қ. Сапарова, М. Сайдова, Г. Смирнова, Б. Калымбетова және елді мекендерден келген ауыл тұрғындары.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

«Сыр сұы» филиалына қарасты «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Шиелі кенті мен Шиелі ауданының 22 елді мекенінің - 15 762 үйіне, оның ішінде Шиелі кенті бойынша - 8205, елді мекендер бойынша - 7 557 тұтынушыға ауыз су беріледі.

Ауыз су жеткізуші болып табылатын «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі Сүттіқұдық елді мекеніне қарасты Бас саға арқылы ауыз суды өндіріп, Жаңақорған кенті мен Жаңақорған ауданының 7 елді мекеніне, сонымен қатар Шиелі кенті мен ауданының 22 елді мекендерге су жеткізіп отыр.

Аудан бойынша 27 насос станциясы, 23 дана су қыспақты мұнарасы, 148,35 шақырым бас су құбырлары, 363,4 шақырым ішкі су тарату желілерімен халықта ауыз су тарату қызметін көрсетеді.

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінде барлығы - 189 жұмысшы-қызметкерлер, оның ішінде бөлімшениң топтық су құбыры бойынша - 133 қызметкер, «Көкшоқы» мөлтек ауданында - 17 қызметкер, «Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінде - 39 қызметкер жұмыс атқарады.

«Шиелі ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі - 7 елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, Бірлестік, М. Шоқай, 1 Мамыр, Майлытағай, Тартогай, Тұрсынбай датқа, Бұланбай бауы бойынша барлық тұтынушылар саны - 7 761 тұтынушы, 1 357 абонент ауыз су тұтынады.

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесіне қарасты Көкшоқы мөлтек ауданының жалпы ауыз су пайдаланушы абонент саны - 1 358, халық саны - 4 930 адам, су желісінің ұзындығы - 19,2 км. Көріз су жүйесін пайдаланушы тұтынушылар саны - 675.

Көкшоқы мөлтек ауданында оқшауланған 2 дана су ұнғымасынан ауыз су беріледі.

Ауыз су тұтынушыларды 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында елді мекендердегі су мұнараларын тұнгі мезгілге толтыру арқылы елді мекенге су беріледі.

Өндірістік бөлімшениң тенгеріміндегі автокөлікттер мен арнайы техникалардың саны - 18, олардың техникалық жағдайы жақсы.

Табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органмен бекітілген ауыз су жеткізу қызметінің тарифі 2024 жылдың 01 қарашасынан 2025 жылдың 01 сәуіріне дейін ҚҚС-мен - 524,82 теңге, ал оқшау су бойынша - 468,59 теңге, сарқынды су тарифі ҚҚС-мен - 54,04 теңгені құраған болатын.

Ал, 2025 жылдың 01 сәуірінен бастап ҚҚС-мен- 661,33 теңге, оқшау су бойынша - 599,12 теңге, сарқынды су тарифі ҚҚС-мен - 64,85 теңгені құрады.

Алайда тұрғындар әрбір пайдаланған ауыз судың 1 текше метріне жеңілдетілген тарифпен (ҚҚС-мен - 30 теңgeden) төлем жасалады. Бекітілген тариф пен жеңілдетілген тариф арасындағы айырмасы мемлекеттік бюджет есебінен субсидиялар түрінде төленеді.

2024 жылы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бойынша өндірілген су көлемі - 2 359 829 текше метр, ал оқшау су жүйелері бойынша - 288 395 текше метр су өндіріліп, тұтынушыларға таратылды.

Жоспарлы тұрде көктемгі-сәуір айында, күзгі-қыркүйек айында аудандық СЭС қызметкерлерімен бірлесе отырып, барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына, су мұнараларына және су қоймаларына жу-شاю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Насос станцияларынан, су қоймаларынан - **айына 1 рет**, ұнғымалардан - тоқсанына **1 реттен** сараптамалар алынады. 2024 жылы СЭС лабораториясы таралынан судың сапасы жөнінде ешқандай ескертулер болған жоқ.

Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сүмен қамтамасыз ету мақсатында Қодаманов, Бидайкөл, Н. Бекежанов, Байсын, ІІ. Жахаев, № 21 Бекет, Жансейіт, Ортақшыл, Досбол би, Ә. Тәжібаев, Бәйгекүм, Балаби, Алмалы елді мекендерінде, яғни 13 ауылда 8 ай бойы **«Байпасның линия» арқылы** ауыз су берілуде.

Жаз айларында ауыз су тапшылығы болуына байланысты № 3 су көтеру насос станциясынан Шиелі кентіне баратын d-400 мм су құбырынан алынған Ақмая елді мекеніне баратын d-225 мм ПЭ құбырына, Бидайкөл елді мекені насос станциясындағы су қоймасына баратын d-140 мм ПЭ құбырына 1К-20-30 су тарату (повыситель) қондырғы насосы орнатылып оң шешімі табылды.

#### **Атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып кететін болсақ:**

1. «Тақыркөл» бас су торабынан №3 сорғы станциясына дейін магистральды су өткізгішінің екінші желісін салу 1 млрд 932 млн теңгенің құрылышының жобасы арқылы Шиелі ауданындағы барлық елді мекендерді (**Жаңақорған ауданының 7 елді мекенін**) үздіксіз ауыз сүмен қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы басталып, 2024 жылдың желтоқсан айында қолданысқа берілді.

Жалпы жаз айларында ауыз судың жетіспеушілігі байқалады, оның бірден-бір себебі жаз айларында ауыз суды аяқ суға пайдаланудың салдарынан болып отыр. Күз-қыс айларында күніне 3500-4000 текшे метр су жеткілікті, ал жаз айларында 6500-7000 текше метр су жеткіліксіз.

Сонымен қатар аталған жоба аясында Көкшоқы мөлтек ауданының тұрғындарының сұранысы бойынша дербес су көзі тоқтатылып, топтық су құбыры арқылы ауыз су беріліп отыр.

2. Көріз жүйесін жаңарту мақсатында "Қызылорда облысы, Шиелі кенті, Көкшоқы шағын ауданының су бұру желілері мен құрылыштарын қайта жаңғырту" жобасы бойынша 1-ші этапы **аяқталып**, қолданысқа берілді. Алайда, өнімділігі тәулігіне 220 текше метр лас суды тазартатын станция жеткіліксіз болғандықтан, 2-ші этапқа жоба-сметалық құжаттамасын әзірленіп мемлекеттік сараптамаға тапсырылды. Ағымдағы жылы тамыз айында жоба аяқталып құрылышына бюджеттік өтінім берілетін болады.

3. Тұрсынбай датқа ауылының ұнғымасы суды аз өндіруіне байланысты ауыл ішінде, яғни мектептің ауласындағы ұнғымда арқылы ауыз су берілуде.

4. Жөлек елді мекенінің ұнғымасы сағатына **50 м<sup>3</sup>** өндіретін, ағымдағы жылы ұнғымда ауыз суды дұрыс өндірмеуіне байланысты филиалдан мамандар келіп, компрессор арқылы тазаланып сағатына **16 м<sup>3</sup>** су өндіретін болды.

5. № 5 насос станциясы мен Алғабас-Бестам елді мекендері аралығында жүргізілген D-225 мм магистраль ауыз су құбыры үстінен жеке тұрған үйге табысталған жер учаскелерін айналып өтіп, **600 метр** ПЭ трубасын жаңарап жүргізілді.

6. Ақмая елді мекеніне жаз айларында ауыз суды магистраль құбыры арқылы жеткізу көптеген қыншылықтар туғызады. Сол себепті, Ақмая әкімдігінің тенгеріміндегі қолданыста жоқ ұнғиманы Филиалдан мамандарды арнайы техникалармен шақыртып, ұнғиманы тазалау жұмыстарын жүргіздік. Алайда ұнғиманың сүйн СЭС лабораториясына тексеру барысында судың жарамсыздығы анықталды. Қазіргі таңда Ақмая елді мекеніне екінші су құбырын жүргізуге жергілікті бюджеттен жоба-сметалық құжаттама әзірленуде.

7. 2024 жылы 5 елді мекенге, яғни, Бұланбай бауы, Тұрсынбай датқа, Майлытағай, 1 Мамыр, Бірлестік елді мекендеріне жаңадан типтік насос станция күрылыстарына жергілікті бюджеттің есебінен жоба-сметалық құжаттамалары әзірленіп, мемлееттік сараптамадан өткізілді.

8. Алғабас пен Бестам елді мекені аралығындағы д-160 мм магистралды ПЭ су құбырының 223 метр жері ауыстырылып, жаңадан салынды.

9. Шиелі кенті Бурабай көшесі мен Зекеев көшелеріне аудандық бюджеттен қаржы бөлініп жаңадан ауыз су құбыры (салынды) жүргізілді.

10. Бас су сағада 160 кВт трансформаторының қуаты жетіспеушілігіне байланысты 250 кВт трансформаторына ауыстырылды.

11. Жалпы «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің тенгерімінде 5 393 қору құдығы бар. Қауіпсіздік шараларын сақтау маңс атында 2024 жылы беті ашық, қақпақтары жок 478 қору құдығына темір бетоннан және темір листіден қақпақтар орнатылды.

2024 жылы су жүйесінде орын алған 702 апаттық жағдайға - 2 021 294,25 теңге қаражат жұмысалды.

Алдын-ала жөндеу жұмыстарына 2024 жылы бөлімше бойынша қаралған 215 нысанға - 1 064 704,12 теңге қаражат жұмысалды.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 934 бұйрығымен бектілген Өлшем құралдарына салыстырып тексеру жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексерудің мерзімділігін белгілеу қағидаларына сәйкес 2024 жылы мерзімі өткен су есептеу құралын ауыстыру жұмыстары қарқынды жүріп келеді.

Жалпы 2023 жылы - 749 су есептеу құралы ауыстырылса, 2024 жылы - 1906 су есептеу құралы, ал бүгінгі күні - 457 су есептеу құралы ауыстырылды.

2024 жылы Шиелі ауданы бойынша техникалық қызмет көрсету шартына - 5055 жеке тұрғын, 80 занды тұлға шартқа отырды. Келісім шартқа отырған тұтынушылардың өтініші бойынша 167 тұрғын үйге техникалық қызмет көрсетіп, ақауларын қалпына келтірді.

2023 жылы су шығынын азайту маңсатында өндірістік бөлімше тарапынан рейдтік жұмыстар ұйымдастырылып, 1 900 355 теңге айыппұл салынып, қаражаты кассаға кірістелді.

2024 жылы өзге қызмет көрсету бойынша «ЖТСҚ» өндірістік бөлімшесі - 19 784 524 теңге, оқшау су жүйесі бойынша - 1 475 700 теңге кірістелді. Алдағы уақытта бұл жұмыстар жалғасын табатын болады.

Ауыз су төлемін жеңілдету маңсатында ауыз су мен сарқынды су үшін төлем ақыны Kaspi қосымшасы арқылы төлеуге болады. Қазіргі таңда барлық жүйенің электронды цифрландыруға көшуіне байланысты төлемді онлайн, үйден шықпай Kaspi қосымшасында бет есепті (лицевой счетты) теру арқылы төлем жасауға мүмкіндігі бар. Жасалынған төлем филиалдың базасына автоматты түрде туседі. Егерде, түсініспеушілік туындаған жағдайда бөлімшемізге келіп немесе өздерініздің участкеңізге Өздерінізге бекітілген инспектор-бақылаушылардан қосымша мәлімет алуға болады.

«Су тіршілік көзі, өмірдің қуаты», «Судың да сұрауы бар» дейді, аққан судың қадірін білген дана халқымыз.

Ауыз суды үнемді пайдаланып, әр айдың 25-ші жүлдізына дейін төлем жасауды ұмытпаған жөн екенін естерінізге саламыз.

Жалпы мекемеде Шиелі кенті мен елді мекендерді аралайтын 25 инспектор-бақылаушылар көшө арапап, ауыз су ақысын жинауда, ғимаратта арнайы төлем кассасы жұмыс жасайды.

Сонымен қатар, апарттық жағдай орын алған жағдайда тәулік бойы диспетчерлік қызметке 4-19-99 байланыс телефоны арқылы хабарласуға болады. Зейін қойып тыңдағандарыңызға Рахмет!!!

#### **Шығып сөйлегендер:**

1. Қ. Бекішев - Шиелі аудандық қоғамдық кеңес төрағасы. Ауыз судың тарифін көтеру мәселесі орынды. Тариф көтерілсе ауыз сұымызды қадірлейтін болады. Тарифтің өскені жұмысшылардың айлық-жалақысының көтерілуіне септігін тигізер еді. Қазіргі танда 80-90 мың теңге жалақы деген өте аз, обал ғой заманың ағымына орай, азық-түліктің қымбаттауы бар, денсаулықтарына байланысты дәрі-дәрмек қаражатына орай, айлық-жалақыларын 160-180 мыңға көтерсе, деген ұсынысын айтты. «Су-тіршілік көзі - сусыз күніміз жок». Егерде бір сағат су болмаса күніміз қараң қалады, суды бағалай білейік деді.

2. F. Аманжолов-«Шиелі аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы. Аудан мен елді мекендерде ауыз суды мейлінше аяқ суға пайдаланатын, автокөлік жуатын, бақша суаратын, орынсыз су шығынын boldыратын абоненттерге айыппул салу керек. Аудан бойынша аяқ суға арықтар қазылыш, өзімізге тиімді жағдай жасауымыз кажет. Осы мәселелерді баса атап етті.


Сөз соңында «Сыр сұы» филиалының директоры- Н. Шамуратов «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бойынша айтылған ұсыныстарды қарап, алдағы уақытта оң шешімін табады деген ойдамыз деп жауабын берді, 2024 жылдың қортындысы бойынша бөлімшеде атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы уақытта ұжымға табыс пен ауызбіршілік тіледі.

#### **Корытынды:**

«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылы топтық су құбырына қосылған тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға беріледі.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланады. Өткізілген уақыты - сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін.

**Тыңдаудың төрағасы:**

  
Н. Шамуратов

**Хатшысы:**



Г. Есжанова

## ХАТТАМА №3

Қармақшы ауданы

01 сәуір 2025 жыл

«Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалы Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануши өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мұдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне 2024 жылдың қорытындысы бойынша өткізілген есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** Бакиев Бақытжан – «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары.

### Есепті тыңдауға қатысқандар:

1. Т.Қалиев – «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. Ж.Балмағанбетов - ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы.
3. А.Ешнияз- «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының қауіпсіздік және тәуекелдер жөніндегі директордың кеңесшісі.
4. А.Әбдиева - «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі
5. А. Пірманова – «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің экономисті, абонент бөлімінің менгерушісінің м.а.
6. А. Әлиев- ««Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер - механик.

Қатысқан тұрғындар: Ә. Құлдүйсенов, Е.Атабаев, С. Жолмаханов, С. Медеуов, Е. Жансейтов және басқа да аудан тұрғындары.

### Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :

«Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің 2024 жыл бойынша реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мұдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндашы – Т.Қалиев – «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының Қармақшы ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы)

Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануши өндірістік бөлімшесі Қармақшы ауданына қарасты Көмекбаев, Куандария, Алдашбай ахун, Тұрмағамбет, Ақжар, Ақтөбе және Қармақшы елді-мекендерін ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық елді – мекендер бойынша жалпы халық саны – **8055** адам.

Абонент саны – **1607**, оның ішінде бос үйлер - **152**, нақты абонент саны – **1455**, бюджеттік мекемелер мен өзге мекемелер саны – **70**.

2024 жылдың 12 айында бөлімшениң нақты өндірген **217747 м<sup>3</sup>** (*текше метр*) және тұтынушыларға (*жеке және заңды тұлғаларға*) таратылған ауыз су көлемі **219383 м<sup>3</sup>** (*текше метр*) құрайды.

Бөлімшеге қарасты 7 елді – мекенде барлығы 12 дана үнғыма бар, бүгінгі күні 11 дана үнғыма жұмыс жасап тұр.

Филиал басшысымен 2024 жылға бекітілген жоспарлы алдын – ала жөндеу жұмыстарының кестесіне сәйкес бөлімшеге қарасты барлық I және II су көтеру насос станциялары, үнғыма павильондары, су көтеру мұнаралары мен ішкі су жүйелеріне, су жүйелерінің бойындағы көру құдықтарына жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарын жүргізу және су көтеру мұнарасынан, ішкі су жүйесінің құбыр бойынан және көру құдық ішінен барлығы **119** апаттық жағдай орын алып, арнайы техникалардың көмегімен және бөлімше жұмысшыларымен дер кезінде қалпына келтіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді.

2024 жылы Куандария және Тұрмамбет елді – мекендерінің II-су көтеру насос станцияларындағы шіріп, тозығы жетіп, темірі жұқарған технологиялық құбырлары ауыстырылып, дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, бөлімшеге қарасты елді-мекендердің II-ші су көтеру насос станцияларындағы технологиялық құбырларында орналасқан 40-қа жуық d-150, d-100 және d-80мм ашып-жабу реттегіш арматураларына, қайтарма клапандарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Онымен қоса, II-су көтеру насос станцияларындағы «К» типті су айдау насостарына ағымдағы жөндеу жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп, халықты үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету жолында жұмыстар жасалды.

Насос станциялары ауласын **көркейту – көгалдандыруға** байланысты:

2024 жылы Көмекбаев, Куандария, Алдашбай ахун, Тұрмамбет, Ақжар, Ақтөбе, Қармақшы елді – мекендерінің I және II су көтеру насос станциялары ауласына 150 данадан астам тал егілді. 150 дана егілген талдардың 60-қа жуығы көктеді.

Жалпы өндірістік бөлімшедегі ауыз су беруге қатысты барлық жұмыстар өз деңгейінде жүргізілуде. Дегенмен, коммуналдық қызметті жүзеге асыратын мекеме болғандықтан, проблемалық мәселе туындалмай қоймайды:

Айта кететін жағдайлар: Куандария елді – мекенінің насос станциясы 1990 жылдардан бері жөндеу жұмыстарын көрмеген. I – II су көтеру насос станцияғимараттары тозығы жетіп, насос қондырғылары ескіріп, жиі бұзылып, құбырлары шіріп, ауыз су беруге үлкен кедергі келтіруде. Насос станциясындағы сыйымдылығы 500 м<sup>3</sup> болатын таза су қоймасына насос арқылы жиналған су жер астына сініп кетуде. Себебі темір-бетон едені әр жерден үгітіліп жарық сзықтар пайда болған күрделі жөндеу жұмыстары қажет етеді. Онымен қоса, қазіргі кезде проблемалық мәселе болып тұрған Ақжар елді – мекенінің насос станция ауласындағы сыйымдылығы 90м<sup>3</sup> болатын су көтеру мұнарасының тозуы. Су көтеру мұнарасының жағдайы өте нашар, жиі апаттық жағдайлар орын алып, ауыз су беруге кедергісін келтіруде. Аталған мұнараның корпусы толтырылып, филиалға жіберілді. Су қоймасы (Резервуар) II-су көтеру насос станциянан төмен орналасқан, насос қондырғысымен су қоймасынан шамамен 100м<sup>3</sup> су таратқаннан кейін насос қайта

су тартпайды, су дөнгөі 500м3 дейін толтыру қажет, II-су көтеру насос станцияғимараты тозған, барлық технологиялық құбырлары шіріп, насос қондырғылары тозған. ДЭС (дизельдік электр станциясы) мүлдем орнатылмаған.

Тағы да айта кететін мәселе, Ақтөбе елді – мекені I-су көтеру насос станциясында орналасқан 2 ұнғыманың біреуі сәуір айында су айдау кезінде құм сорып, насос қондырғысы істен шығып, апаттық жағдай орын алды. Филиал тарапынан мамандар келіп ұнғымага тазарту (откачка) жұмыстары жүргізілген болатын, алайда, ұнғыма су айдау кезінде қайтадан құм сорып, насос қондырғысы істен шығып, қазіргі таңда Ақтөбе елді – мекенінде 1 (бір) дана ұнғыма жұмыс жасап тұр. Елді – мекеннің ауқымы үлкен болғандықтан, тұтынушылар ауыз суды көп мөлшерде пайдаланады, жұмыс жасап тұрған 1 дана ұнғыма болғандықтан, насос қондырғысы мерзімінен бұрын істен шықса немесе өзге де апаттық жағдайлар орын алса, елді – мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету жолдары алаңдатады және көптеген қындықтар соқтыруы әбден мүмкін.

Қазіргі таңда, бөлімше өзіне қарасты барлық елді – мекендерді жоғарыда аталған және қындық тудырып тұрған проблемалық мәселелерге қарамастан 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр және алдағы уақытта да халықтың игілігі үшін жұмыс жасайтындығын жеткізеді.

### Шығып сөйлегендер:

Ә. Құлдүйсенов – Аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі. Оқшау су өндірістік бөлімшесінің жұмысына оң баға беремін. Алдағы атқаратын жұмыстарына табыс тілеймін.

Бакиев Бақытжан – «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының директорының орынбасары 2024 жылы атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біршама жұмыстар атқарылғанын көріп отырғанын және атқарылған жұмыстарға оғанағасын берді. Қазіргі таңда жаңа тариф бекітілді және соған байланысты айтылып отырған кемшіліктер қолға алынатынын және біраз мәселе шешілетінін айта келді алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тіледі.

### Қорытынды:

«Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының Қармақшы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануши өндірістік бөлімшесіне қарасты өндірістік бөлімшесінің 2024 жылғы қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауызу сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген бағ берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15<sup>00</sup>ден-16<sup>00</sup>-і дейін.

Тыңдаудың төрағасы:

Хатшы

Б.Бакиев

А. Менешаева

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалының  
«Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі

Хаттамасы № 3

Жосалы кенті

01 сәуір 2025 жыл

**Жиналыс төрағасы: «Сыр сұы» филиалы директорының  
орынбасары Б.Бакишев**

Қатысқандар:

1. Қауіпсіздік және Тәуекелдер жөніндегі «Сыр сұы» филиалы директорының кеңесшісі – А.Ешниязов
2. Филиалдың өндірістік техникалық бөлімінің инженері – Ә.Қожақов
3. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің бастығы – Ә.Қаршыға
4. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі бастығының орынбасары – Ж.Кирбаев
5. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің инженер-технологы – Н.Мамырбаев
6. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің ТК инженері – А.Аусинбаев
7. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің аға механигі – С.Ақжігітов
8. «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің инженер-энергетигі – Н.Қыстаубаев
9. Бөлімше аға шебері – Б.Әбішев
10. Көше комитеттері С.Қосназаров, Е.Атабаев, Ә.Қаракөзееев, А.Оразалиев
11. Аудан тұрғындары, ардагерлері

**Күн тәртібінде:** «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылы атқарған жұмыстарының есебі

**Жиналыс төрағасы Б.Бакишев** – «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылы атқарған қызметтеріне есеп беру жиналысы ашық деп жариялансын. Баяндама жасауға сөз кезегі өндірістік бөлімше бастығы Қаршыға Әділетке беріледі.

**Бөлімше бастығы: Ә.Қаршыға –**

1. «Қазсушар» шаруашылық журғізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік қасіпорынның «Сырсұы» филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі, III-Интернационал елді мекенінде орналасқан 5 ұнғымадан су өндіріліп 9 насос станция арқылы III- Интернационал, Дүр Онғар, Иіркөл елді, Төребай би елді мекенінде Жосалы кентінде барлығы 5 073 абонент бар 66 бюджеттік және 173 кәсіпкер нысандарына ауыз сumen қамтамасыз ету қызметін атқарып келеді.

Аталған елді мекендерді ауыз сumen тұрақты түрде қамтамасыз ету үшін 93 қызметкөр 10 дана арнайы техника жұмыс жасайды,

Жоғарыда көрсетілген 5 ұнғыманың 4-і бірінгай жұмыс жасап тұрады және 1-і резервте кезегімен қосылады. Ұңғымаларда ЭЦВ 8-40-90 су асты сорғы насостары орнатылған. Әр насос сағатына 40м<sup>3</sup> су береді, ұнғима тәулігіне 960 м<sup>3</sup> су өндіретін болса, 4 ұнғима күніне 3840 м<sup>3</sup> су өндіреді.

2024 жылы өндірістік бөлімшениң 5 ұнғымасынан 762996 м<sup>3</sup> (2023 жылы 831546 м<sup>3</sup>) өндіріліп, 791013 м<sup>3</sup> таратылды. су шығыны (2023 жылмен салыстырғанда 2 есе аз) 11761.86 м<sup>3</sup>.

Жыл басынан таратылған су көлемінен жиналған қаражаты 86 673 753 тг.

- III-Интернационал елді мекені 455 абонент (2386 тұрғын), 6 бюджеттік, 12 кәсіптік нысан жыл бойы ішкен су көлемі 93741 м<sup>3</sup>. Қыс айларында орташа есеппен 5300м<sup>3</sup> су пайдаланса күніне шаққанда шамамен 176м<sup>3</sup> су. Ал жаз айларында бұл көрсеткіш екі есе көбейіп 11600м<sup>3</sup> су пайдаланады бұл дегеніміз күніне 386 м<sup>3</sup> су. авариялық жағдай -36

- Дүр Онғар елді мекені 400 абонент (2063 тұрғын), 4 бюджеттік, 2 кәсіптік нысан, жыл бойы ішкен су көлемі 56 764м<sup>3</sup>. Қыс айлары 3300м<sup>3</sup> күніне 110м<sup>3</sup>. Жаз айлары 7400 м<sup>3</sup> күніне 246 м<sup>3</sup>. 23- авариялық жағдай орын алды.

- Иіркөл елді мекені 119 абонент (659 тұрғын), 4 бюджеттік, 0 кәсіптік нысан жок, жыл бойы ішкен су көлемі

30 632м<sup>3</sup>. Қыс айлары 1500м<sup>3</sup> күніне 50м<sup>3</sup>, жазда 3100м<sup>3</sup> күніне 103м<sup>3</sup>. авариялық жағдай -43

- Төребай би елді мекені 94 абонент (530 тұрғын), 4 бюджеттік, 2 кәсіптік, жыл бойы ішкен су көлемі 9180 м<sup>3</sup>. Қыс айлары 650м<sup>3</sup> шамамен күніне 22м<sup>3</sup>, жазда айына шамамен 930 м<sup>3</sup> күніне 31м<sup>3</sup> су. авариялық жағдай -13

- Жосалы кенті бойынша 4005 абонент (21098 тұрғын), 48 бюджеттік, 157 кәсіптік нысан 2023 жылы 615581 м<sup>3</sup> су халыққа берілген қыс айларында берілген көлемі шамамен 31700м<sup>3</sup> болады бір күнге шаққанда 1056м<sup>3</sup>. Ал жаз айларында орташа есеппен 95000м<sup>3</sup> күніне 3166м<sup>3</sup> таза ауыз су пайдаланады. авариялық жағдай -98

2024 жылы өндірістік бөлімшениң магистралды және ішкі су жүйесі бойында жалпы магистраль құбыр бойында - 22, сервистік құбыр бойында 213 барлығы 257 авариялық жағдай орын алды.

Жосалы кентінің ішкі су жүйесінің құрылышы 4 кезең бойынша атқарылған.

I- кезең 2001-2002 жылдар ұзындығы 2,7 шақырым;

*II- кезең 2004-2006 жылдар ұзындығы 13,45 шақырым;*

*III- кезең 2007-2010 жылдар ұзындығы 49,7 шақырым, сервистік құбырлар ұзындығы 49,2 шақырым;*

*IV – кезең 2014-2015 жылдар ұзындығы 29 шақырым және 2017 жылы 1300 үйге ауыз су құбырын кіргізу жұмыстары атқарылған. Кенттегі су жүйесінің ұзындығы 95 шақырымды құрайды. Осы 4 кезеңнің жобалары бір бірімен байланыспайды гидравликалық есебі жүргізілген.*

Аудан бойынша бөлімшеге қарасты көру құдықтар саны 1460 дана, оның ішінде кентте 776 дана көру құдығы бар, жарамсыз болған **15** дана көру құдық беті ауыстырылды.

Кент бойынша апарттық жағдай орын алған жерлердің 15-і асфальтты көшелер. Соның ішінде 2-еуіне асфальттың беті бұзылған жерлеріне асфальт төседі, қалған 13 жер енді асфальтталады.

### **2024 жылы Өзге қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар**

Өзге қызметтер бойынша атқарылған жұмыстар: 2 мекеменің су құбыры орталық су құбырына қосылды және су есептегіш орнатылды. 39 үйдің және 16 мекеменің су есептегіш құралы ауыстырылды. 1963 үйде пломба басылды. 129 үйге және 12 мекемеге су тасымалымен су жеткізілді. 1380 үй және 1 мекеме келісім-шартқа отырғызылып, су құбыры бойына техникалық күтім жасалынды. 97 үйден жөндеу жұмыстарға шақыру түсіп, вентильдері ауыстырылды, су кетіп түрган жерлері қалыпқа келтірілді.

Осы жұмыстардан барлығы **5 247 995,86** теңге қаржат түсірілді.

Тұрғындардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жыл сайынғы өрт сөндіру бөлімінің ішкі су жүйесі бойында орналасқан көру құдық ішіндегі өрт гидранттарын тексеру нәтижесінде жарамсыз болып табылған **15** дана өрт гидрантын алдын-ала жөндеу жұмыстары бойынша қайта қалпына келтіріліп ауыстырылды.

**2024 жылдың қорытындысы бойынша алдын- ала жоспарлы жөндеу жұмыстарына және авариялық жағдайларды қалпына келтіру жұмыстарына ДТ 9670 литр, АИ92-9510 литр жұмсалды.**

Халықтың санитариялық- эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету үшін жыл сайын «Ұлттық сараптама орталығы» РМК Қармақшы аудандық бөлімшесімен келісім шарт жасалып, ауыз су сапасына өндірістік бақылау жүйелі турде жүргізілді. Жұмысшы- қызметкерлер өз кезегінде санитарлық кітапшасымен жылына бір тексерістен өтіп отырады.

Қорытындылай келе, судында сұрауы бар дегендег 1 текше метр судың құны 30 теңгені құрайды. Суды ысырап қылмай тек қажетімізге пайдалануға шақырамыз.

**Назарларыңызға рахмет!**

**Жосалы кентінің тұрғыны, көше комитеті:** С.Қосназаров – 2024 жылы жасаған жұмыстарының көрдік, еш күмәніміз жоқ. Бірақ мен әлі атқаратын жұмыстарыңыз көп деп ойлаймын. Насос станцияларға запаста тұратын күші жоғары насостар керек. Мен мұнай саласында көп жыл атқарғандықтан құбырмен, насоспен жасалатын жұмыстардың бәрінен хабардармын. Насос агрегаттарының дұрысы мен қызығында оларыңыз дұрыс. Меніңші техникаларыңыз жетіспейтін сияқты. Көшелердегі ескірген құбырларының дұрысы ауыстыру керек. Білем мұның бәріне көп қаражат керек. Жұмысшылардың жағдайы тәмен. Жалақы тәмен болып жатқан соң жұмысшылар жұмыстан шығып кетіп жатыр. Айлық жалақыны көтеру керек. Сондықтан су бағасын көтеру керек па жолын қарастыргандарыңыз жөн.

**«Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары Б.Бакиев:** Тариф 661,33 теңгеге қоргалды. Жалақы мәселесімен экономика бөлімі айналысып жатыр. Жалақы көтеріледі бірақ анық қанша пайыз қазір белгісіз. Министрліктен 50 пайыз көтерілу айтылды. Мекемеміздің жалпы жағдайы жақсарады деп күтілуде, көпке шыдадық енді сәл ғана уақытта жалақы, сіз айтып отырған насос станцияларға насос агрегаттарын артығымен алу бәрі қаралып, шешіледі

**Аудандық қоғам кеңесінің төрағасы:** Ә.Құлдиссенов - Бөлімше ұжымы жұмыс жасап келеді, көріп келеміз. Халықтың алғысын алып енбектерініз елене берсін.

**Жосалы кентінің тұрғыны, көше комитеті:** Е.Атабаев – Су сапасын тексеріп отыратын лабаратория қажет деп ойлаймын. Кейде судың түсі өзгереді.

**«Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары Б.Бакиев:** суды СЭС мамандарына тексеріп отырмыз. Кейде судың өзгеруі апаттық жағдай орын алып, қайта қалпына келтіру кезде болса керек. Жалпы сұымыз тексеріліп, жылына екі рет су қоймалары тазаланып, СЭС мамандарымен бірге хлорланып отырады.

**Аудан ардагері Б.Жұмабаев:** Теміржол су мекемесі «Октябрь топтық су құбыры» бөлімшесіне қосылады ма?

**«Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары Б.Бакиев:** Тек поездарға су беретін нұктелерін өздеріне қалдырып қалған су құбырларын бізге өткізуге ұсыныстарын білдірген. Оған біз қабылдап алмадық себебі құбырлары бәрі ескірген, көп жұмыс қажет. Басты мсақсат өзіміздің жағдаймызды ретке келтіру.

**Аудан ардагері С.Медеуов:** Иіркөлден бері қарайға магистраль су құбырының жи тесілетін 10км бөлігі бұрыннан айтылып келеді, ауыстырылу қарастырылып жатырма? Сосынғы мәселе су мәселесі су қоры аз III-Интернационалда. Иіркөл елді мекенінен ұнғыма қазып су алу жайын қарастырмайсыздар ма?

**«Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары Б.Бакишев:** 10 км құбырды ауыстырудың күжаттарын жергілікті аудандық құрылыш бөлімі өздеріне алатын болды.

**Қауіпсіздік және Тәуекелдер жөніндегі «Сыр сұы» филиалы директорының кеңесшісі – А.Ешниязов:** Мен бұрын ұнғыма көзін ашатын жұмыстармен айналысқанымда осы Иіркөл елді мекенінде жұмыс атқардық. Сонда осы жердің сұы өте сапалы деген су тексерген мамандар. Су құрамында болу керек заттардың барлығы бар деген. Облыс бойынша ең сапалы ең мол су көзі осы Иіркөлде деген сол кезде. Алдағы уақытта бұл да шешімін табады. Қарастырамыз, директорге айтамыз.

#### Қорытынды:

«Сыр сұы» филиалының «Октябрь топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылғы қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «өте жақсы» деген баға берілді. Есепті тындау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 15:00ден 17:00ге дейін болды.

**«Сыр сұы» филиалы  
директорының орынбасары**

**Б.Бакишев.**

**Хатшы**

**Н.Мамырбаев**

# Х А Т Т А М А

**Төретам кенті**

**01-сәуір 2025 жыл.**

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіне қарасты тұтынушылар мен өзге де мұдделі тұлғалар алдында суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2024 жыл көлемінде атқарылған жұмыстардың есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** Б.Бакишев – «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары

**Есепті тыңдауға қатысуышылар:**

1. Ж.Балмаганбетов- ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы.
- 2.К.Калилаев - Өндірістік бөлімше бастығы.
3. Р.Карекеева - Төретам кентінің әкімі аппаратының жетекші маманы.
4. Саймаханова Ә. – Ақай ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы.
6. Р.Сахиев - Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің инженер-технологы
7. А.Даuletбаева - Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің есепшісі
8. Е.Қаражанов - Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің диспетчері.
9. Г.Телжанова - Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің кадр инспекторы- іс жүргізушісі
10. М.Дабылова Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің абоненет бөлімінің менгерушісі
11. Өндірістік бөлімшенің жұмысшылары.
12. Тұрғындар: Төретам кентінің тұрғындарымен ардагерлері, Ермеков Ж., Қ.Накиев, С.Абжаппаров, А.Аяпов, Ақай ауылының тұрғындары Д.Кузембаев, Ж.Айпейісов, К.Ниязымбетов және қоғамдық кеңес мүшелері.

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

«Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылы атқарған жұмыстары туралы мәліметі.

**Күрметті Бақытжан Усенұлы!**

**Күрметті Төретам, Ақай тұрғындары!**

«Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылы атқарған жұмыстары туралы мәлімдеуге рұқсат етініздер.

«Казсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Сыр сұы» филиалының Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі 2018 жылы құрылып, қазіргі күнге дейін екі елді мекенді тұрақты түрде 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз етіп келеді.

Мекеме тенгеріміне қарасты ауыз су құбыры, көру құдығы, ашып-жабу арматурасы (задвижка) және өрт гидранты бойынша: **Төретам кентінде** ауыз су құбыры жалпы ұзындығы – 55 006 м., көру құдығы – 240 дана, ашып-жабу арматурасы – 44 дана, өрт гидранты – 38 дананы құрайды. Сонымен қатар мекеме тенгеріміне енгізілмеген 2021 жылы жүргізілген ауыз су құбыры – 6 850 м., көру құдығы – 126 дана, өрт гидранты – 32 данасы бар.

**Ақай ауылды** бойынша: ауыз су құбыры жалпы ұзындығы – 39 944 м., көру құдығы – 448 дана, ашып-жабу арматурасы – 31 дана, өрт гидранты – 110 дана.

Екі елді-мекен бойынша барлығы:

ауыз су құбыры жалпы ұзындығы – 101 800 м.;

көру құдығы – 814 дана;

ашып-жабу арматурасы – 75 дана;

өрт гидранты – 180 дана;

Бөлімшеге қарасты 24 қызметкер, 5 техника 2 насос станциясы халықта 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жұмыс жасап отыр.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық екі елді – мекендерде 19 бюджеттік мекеме, 95 заңды тұлға бар. Жалпы жеке тұлға саны 3 283, оның ішінде Төретам кентінде 1 948, Ақай ауылында 1 335 тұтынушылары бар. Адам саны бойынша: Төретам - 13 443, Ақай - 8 197. Жалпы саны 21 640 адам.

**Өндірілген және таратылған су көлемі (нақты және жоспар бойынша). Су шығыны. Накты қаражат жиналған су көлемі.**

«Казсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалының «Қармақшы ауданы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округін оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылы ауыз су таратудың жылдық жоспары – 417 254 текше метр. 2024 жылдың жалпы таратылған ауыз су көлемі: Ақай ауылына – 182 216 текше метр, Төретам кентіне – 237 592 текше метр. Барлығы: 419 808 текше метр су таратылды. Су шығыны – 1 668,74 текше метр. Жалпы 2024 жылы таратылған ауыз судан түскен қаржы – 25 842 983,43 теңге, оның ішінде (бюджеттен – 9 112 493,53 теңге, жеке кәсіпкерден – 6 051 617,04 теңге, жеке тұлғалардан – 10 678 872,86 теңге).

Сонымен қатар бекітілген калькуляцияға сәйкес өзге қызмет түрлерін көрсету жұмыстары оның ішінде: су өлшегіш құралын орнату, пломба басу, жер қазу, ауыз су тасымалдау, тұтынушыларға аула ішіндегі ауыз сумен жабдықтау жүйесіне техникалық қызмет көрсету КЕЛІСІМ ШАРТ жұмыстары жүргізіліп отырады. 2024 жылы өзге қызмет түрлерінен – 3 353 350 теңге қаржы түсірілді. (Жылдық жоспар – 2 000 296 теңге)

Жалпы барлық 12 айда түскен қаржы соммасы – 28 869 372,43 теңге.

2024 жылы Ресейдің «ГУП ПЭО Байконурэнерго» мекемесімен келісім шарт бойынша ауыз су көлемі : Төретамға – 243 737м3, Ақай - 240 925м3. Келісім шарт құны – 17 648 578руб.49коп. ҚҚС 20%

**Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының орындалуы және орын алған апарттық жағдайлар, оған жұмсалған материалдардың есебі.** 2024 жылға бекітілген жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына сәйкес 2 елді – мекен бойынша 75 данаға жуық d-200, d-150, d-100 мм ашып-жабу реттегіш арматурасының (задвижка) 69 данасына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде орталықтандырылған ауыз су жүйесінің көру құдықтары мен насос станцияларындағы технологиялық құбырлар бойында орналасқан ашып-жабу реттегіш арматураларын (задвижка) майлау, сырлау, тот басқандарын тазалау, шіріп тозығы жеткен болт, гайкаларын ауыстыру секілді жұмыстар атқарылды.

Бекітілген ППР-ге сәйкес насос станцияларының ауласындағы шөптерді шабу, күл-коқыстан тазалау, қураган талдарды кесу жұмыстары жүргізілді. Барлық 12 айда істелген ППР жұмыстар саны 140-ты құрады. Оған кеткен материал құны – 6 725 141,78 теңге.

Жыл басынан бастап орталық қоймадан бөлінген ГСМ :

Дизель майы – 7 750 л.

Бензин – 8 800 л.

Газ – 3 840 л.

Қазіргі таңда, су жүйелерінде орын алғып жатқан апаттық жағдайлардың бірден-бірі көру құдығында орналасқан өрт гидрантының тұғыры мен фасон бөлігінің тозуы. Жыл басынан бері 85 апаттық жағдай орын алған болса, дер кезінде апатты жағдайды уақытылы қалпына келтіріліп отырды. 2024 жыл бойынша Төретам кенті және Ақай елді мекендерінде 25 дана фасон бөлігі ауыстырылды. Өрт гидрантының тұғыры шіріп, темірі жүқарып, тот басыуына байланысты тозығы жеткен тұғырларын ауыстыру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде.

Насос станцияларындағы ғимараттар мен әкімшілік ғимаратының түсken жерлерін сылау, әктеу, есік – терезелерін сырлау, қымтау және күтім жасау жұмыстары жүргізілді. Филиалдан бөлінген шикізат-материалдар насос станциялары мен су құбыры жүйелеріндегі орын алған ақауды қалпына келтіруге және жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстарына жұмсалды.

Елді – мекендердің насос станцияларындағы таза су қоймалары мен су көтеру мұнараларын жоспарлы жуу, шаю-залалсыздандыру жұмыстары көктем және күз мезгілдерінде өз деңгейінде жүргізілді. Залалсыздандыру жұмыстарынан кейін және ай сайын «Ұлттық сараптама орталығы» мамандары су сынамаларын алғып, тиісті хаттамалары жасалып, филиалдың «Су нысандарын пайдалану» бөліміне тапсырылуда.

### ***Өндірістік бөлімшедегі авто және арнайы техниканың жағдайы туралы мәлімет.***

Қазіргі таңда, өндірістік бөлімшеде жұмыс жасап тұрған 5 авто техника бар. Оның ішінде: 3 дана арнайы техника, 1 дана авариялық бригада көлігі және 1 дана жеңіл автокөлік. Арнайы техникадар мен автокөліктерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстары ТО-1, ТО-2, ТО-3 техникалық күтімдерін жасау негізделген кестелерге сәйкес жасалып, орталық қоймадан бөлінген қосалқы бөлшектер мен май сүзгіш фільтрлері және қою май мен салқыннатқыш сұйықтықтары жеткізіліп, техникалық күтім толығымен орындалуда.

#### ***Проблемалық мәселелер.***

Ауыл ішлік су құбыры бойындағы көру құдықтарына орнатылған көптеген фасон бөліктері, әртүрлі диаметрлік ашып-жабу реттегіш арматуралары (задвижка) және өрт гидранттарының тұғырлары тозығы жетіп, апатты жағдайда тұр.

Ақай елді мекені Сәтбаев пен Тұрмажамбет көшелері бойындағы су құбырларынан жиі апатты жағдай орын алғып отыр. Нактылап айттар болсақ, Сәтбаев көшесі бойындағы жалпы ұзындығы - 330 метр құбырды 2011 жылды тұрғындар өз күштерімен әр түрлі диаметрдегі (д-50мм-76мм) темір құбырдан жүргізіп алған. Аталған құбыр тозығы жетіп, қазіргі таңда жиі апатты жағдай орын алуда.

Ал Тұрмажамбет көшесі бойындағы жалпы ұзындығы - 310 метр болатын д-110мм полиэтиленді құбыр зауыттық ақауларға байланысты яғни шовты трубадан ұзына бойына жарылып су шығынына әкеліп соқтырып отыр. Тағы бір мәселе Ақай елді мекеніндегі Байтұрсынов көшесіндегі 2010 жылдан бері қолданыстағы д-200мм шойын құбырдың бойынан жиі апаттық жағдай орын алуда. Осыған байланысты Филиалдан ауыстыруды қажет ететін материалдар карастырылып, сәуір айында ауыстыру жұмыстары жүргізіледі.

### ***Тұтынушыларды 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету үшін атқарылған шаралар.***

Халықты 24 сағат үздіксіз сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында өндірістік бөлімшенин авариялық бригадасы, шеберлер, слесарь-жөндеушілер, насос станция машинисттері су жүйелерінде орын алған апаттық жағдайларды арнайы техникалардың көмегімен және өз күшімен дер кезінде қалпына келтіру жұмысты жыл

басында бекітілген жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының кестесіне сәйкес ашып жабу реттегіш арматураларына, су көтеру мұнараларына, насос агрегаттарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын өз деңгейінде жүргізіліп жатыр. Зейін қойып тындағандарыңызға РАҚМЕТ!

**Койылатын сұрақтарыңыз болса, жауп беруге даярмын.**

**Ж.Ермеков, медиатор-ардагерлер кенесінін мүшесі:** Бұгінгі өндірістік бөлімшесінде ашып жабу реттегіш арматураларына, су көтеру мұнараларына, насос агрегаттарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын өз деңгейінде жүргізіліп жатыр. Зейін қойып тындағандарыңызға РАҚМЕТ!

К.Калилаевтың жылдық есебіне «ете жақсы» деген баға береміз. Ұжымның ауызбіршілігінің арқасында біраз жұмыстар атқарылды. Бұрынғы жағдаймен салыстырғанда және басқа облыс аумактарын көргенде шукіршілік дейміз. Суымыз 24 сағат ағып тұр, апарттық орын алған жағдайда жұмысшылардың демалыс, күн-түн демей жұмыс жасап жүрген жұмысшыларға алғысымыз шексіз. Халықтың игілігі жолында жұмыс жасап жүрген ұжымға оң бағасын бере отырып, алдағы атқарылатын жұмыстарыңызға табыс тілейміз. Кентімізде атқарылатын игі істердің бас-қасында журоп барынша колдау көрсетуге дайынбыз. Қыстың күні апартты жағдай орын алмады деп айтуда болады. Бұл да бөлімшениң күні-түні тынбай жұмыстарының нәтижесі деп белемін. Бұл ұжымға алғысымыз шексіз. Үйімізде аристон, кір жуатын машиналарымыз осы судың үздіксіз берілуінің нәтижесі. Кадрлар өте мықты, тандаулы. Біз ризамыз, Рахмет!

**Қ.Накиев, Төретам кенті ақсақалдар алқасының төрағасы:** - Бұгінгі өндірістік бөлімшениң есепті жиналысында атқарылған жұмыстар туралы айтылды. Су мәселесіне ешқандай айтар шағымымыз жок. Қайта ризамыз, кез-келген уақытта жұмыстарын жоғары деңгейде атқарып келеді.. Суымыз 24 сағат ағып тұр, апарттық орын алған жағдайда жұмысшылардың демалыс, күн-түн демей жұмыс жасап жүрген жұмысшылардың жаляқысын көтеріп беруге жұмыс жасасаныздар, айтар алғысымыз шексіз болар еді. Енбек осы жігіттердік! Халықтың игілігі жолында жұмыс жасап жүрген ұжымға оң бағасын бере отырып, алдағы атқарылатын жұмыстарыңызға табыс тілейміз. Рахмет!

**Б.Бакишев – «Қазсушар» РМК «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары:** 2024 жылы атқарылған есепті тындауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын көріп отырмыз. Сіздің қойған сұрағының жауп берейін. Тариф көтерілді, осы тарифке жалақыны да кіргіздік. 15 пайыз болмаса одан да жоғары бола ма, оны уақыт көрсетеді. Министрлік тарапынан жалақыны 50 пайызға көтеру мақсатында жұмыстар атқарылуда біраз жаңалықтарымыз берілген. Ақай ауылдындағы 2 көше бойынша ауыз су желісін ауыстыруға қаржы бөлдіруге жұмыс жасалды. Нәтижесінде Ақай елді мекенінің 2 келесіне қаржы берілді. Биылғы бөлімшениң ұжымының жасаған жұмыстарына рахмет айтқым келеді. Қандай жағдай болмасын бірін-бірі жоктатпай, ауызбіршілікпен, үйимшылдықпен жұмыс жасады. Атқарылған жұмыстарға оң бағасын бере келе, алдағы атқарылатын жұмыстарға табыс тілеймін.

#### Корытынды.

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиалының Қармақшы ауданының Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшаша сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2024 жыл көлемінде тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарына «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тындау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10.00-ден 11.15-ке дейін.

**Тындаудың төрағасы:**

**Б.Бакишев**

**Хатшы:**

**Г.Телжанова**

## **ХАТТАМА**

**Жалағаш кенті**

**02 сәуір 2025 жыл**

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалының 2024 жылда атқарылған жұмыстардың қорытындысы туралы жыл сайынғы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында есепті тыңдауы.

**Тыңдаудың төрағасы :** Б.Бакишев – «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары.

### **Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Г.Дюсекбаев – «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің басшысы.
2. С.Нурумбетов – «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы директорының кеңесшісі.
3. Хатшы – Ж.Молдыман - «Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің іс-жүргізушісі.
4. «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің жұмысшы-қызметкерлері.
5. Жалағаш ауданының тұрғындары,ардагерлер.

### **Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер :**

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесі 2024 жылғы реттеліп көрсетілетін қызметі бойынша тұтынушылар және өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы жылдық есебі. (Баяндамашы – Г.Дюсекбаев – бөлімше басшысы)

Белгілінген уақытқа сәйкес есепті тыңдаудың төрағасы «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары Б.Бакишев тыңдауды ашты.

Г.Дюсекбаев күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша өндірістік бөлімшесінің 2024 жылдың қортындысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады.

## **БАЯНДАМА**

**Г.Дюсекбаев** - «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі бастығы.

**1. Жалпы 2024 жылы аудан бойынша таратылған су көлемі және ауыз су қаржысын жинау:** Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдақтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі» тарапынан 2024 жылда **1 097 625 м3** ауыз суды

тұтынушыларға таратылды. Таратылған су көлемінің **69 744 274,010** теңге қаржаты жиналды. Оның ішінде **25 711 427,31** теңгесі жеке тұрғын үйлердің қаржысы болып табылады. Бюджеттік мекемелер мен занды тұлғалардан түскен қаржы көлемі **44 032 846,7** теңге.

**2. Жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары.** 2024 жылда жалпы сомасы **2 100 817,00** теңгеге жоспарлы алдын-ала жөндеу жұмыстары атқарылды. Оның ішінде насос станцияларын сырлау, ақтау, ашып-жабу реттегіш арматураларын майлау жұмыстары да кіреді.

Күрделі жөндеу жұмыстарына қажетті **1 004 932** теңгенің заттары пайдаланылды. Оның ішінде ашып-жабу арматуралары, вантуз және қайтарма клапандары кіреді. Жүргізілген күрделі жұмыстар қатарына “Орталық” насос стансасының II-су тарату насос стансасының технологиялық құбырларын ауыстыру болып табылады.

Қосымша қосар жағдай, Аламесек елді мекенінің ауыз су жүйесін жаңғырту. Облыстық бюджеттен 388 миллионның 38 миллионы яғни 10 % бөлініп, «Бақ-береке» компаниясы жеңімпаз болып табылды. Алдағы уақытта Энергетика министрлігінен қалған қаржысы қаралып, бөлінуі жоспарлануда.

Далдабай Жалтынов және Таң насос стансаларының ауыз су қоймасына күрделі жөндеу жұмыстары атқару қажет. Ауыз су қоймасы таза суды сақтай алмауда және бетон жабындылары тозған.

Жалағаш кенті бойынша Нысанбай жырау, Бұқарбай батыр, Өміrbай шешен көшелерінің жөндеу жұмыстары жүргізілуі қажет нысаны бойынша акт жасалып филиалға ұсыныс берілді.

### **3. Орын алған апаттық жағдайлар бойынша.**

Аудан бойынша 2024 жылда орын алған апаттық жағдайлар саны 223. Апаттық жағдайларды қалпына келтіру бойынша жалпы **2 064 960,14** теңгенің материалдары пайдаланылды. Апаттық жағдайлардың көпшілігі ауыз су құбырының жарылуы, құдық ішіндегі фасонды бөліктің шіруі және ауыз су мұнарасының шіруі болып табылып отыр.

**4. Тұтынушыларға берілетін ауыз судың сапасын анықтау мақсатында, аудандық СЭС мекемесімен келісім шарт жасалынып ай сайын ауыз судың үлгісі алынып, су құрамы тексеріліп отырады. Сонымен қатар, су құбыры және су сақтау қоймаларына көктемгі-күзгі мезгілінде жуу және залалсыздандыру жұмыстары СЭС мекемесінің мамандарының қатысуымен өз деңгейінде жүргізіліп отырады.**

Ауыз сумен жабдықтау жүйесін эксплуатациялық қалыпты жағдайда ұстап тұру, жоспардан тыс апаттық жағдайларды шүғыл қалпына келтіру және жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары уақытылы атқарылып тұрады.

## **5. Проблемалық сұрақтар:**

1. Жалағаш кентінде орналасқан кеңсе ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу .
2. «Орталық» насос стансасының темір бетонды қоршаулары құлау қаупінде, қайта қоршау жұмыстарын атқару.
3. Арнайы техникаларды жаңалау.
4. Бұқарбай батыр, Жаңаталап елді мекендерінің ауыз су мұнараларын жаңалау.
5. Ауыз су қоймаларының үстіндегі көру құдықтарын толықтай ауыстыру. Жарамсыз күйге түсіп, қойма ішіне құлау қаупінде.
6. Кент және елді мекендердегі ауыз су жүйесі бойындағы ашып-жабу реттегіш арматураларын кезең-кезеңімен ауыстыру жұмыстарын атқару.

**Б.Бакишев** - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары және **С.Нурумбетов** – «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы директорының кеңесшісі баяндамаға оң баға беріп, 2024 жылда атқарылған есепті тыңдауда бөлімшеде біраз жұмыстар атқарылғанын және алдағы уақытта да жасалатын тиісті жұмыстар бар екендігіні айттылды.

## **Шығып сөйлегендер**

**М.Баймаханов**-«Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесінің ЕҚ және ТҚ инженері.

Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесіндегі жұмысшы-қызметкерлерге арнайы киім және де басқада қажетті қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету уақытылы жүзеге асса.

**С.Сығайбаев** - «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің ардагері.

Менің айтайын дегенім, мекеменің техникаларының жағдайы өте нашар, ескі және су құбырларының тозығы жеткен ауыстыруды қажет етеді. Тағы мәселенің бірі, жұмысшы-қызметкерлердің айлық жалақысы өте төмен. Бұл салаға кадр алу, жұмысқа адам шақыру өте қыын. Өзіңіз айтқандай тариф жобасы көтерілсе, осы мәселелер оң шешімін табады деген ойдамыз .

**Е.Есмагамбетов**-«Қазсушар» РМК «Сыр сұы» филиалының Жалағаш ауданының ОСЖЖП өндірістік бөлімшесіне қарасты Шәменов елді мекенінің н.с машинисті.

Жоспардан тыс апаттық жағдайларды шұғыл қалпына келтіру үшін, гном насосы және арнайы құрал-жабдықтар қажет .

**Б.Бакишев** - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары

Айтылған мәселелеріңіз өте орынды. Арнайы киімдерге тапсырыс берілді. Алдағы уақытта кезең-кезеңімен бөлінетін болады. Жаздық және қыстық киімдер назардан тыс қалмайды.


Бөлімше техникаларының жағдайына келсек, барлығын бірден жаңалауга күшіміз жетпейді. Биылғы жылдың өзінде қажетті техникаларға тапсырыс беріліп, жеткізілді. Алдағы уақытта әр ауданға бөлу жұмыстары атқарылады. Жыл сайын жаңалап отыруға бар мүмкіншілікті қарастырамыз.

Арнайы құрал саймандар бойынша, жыл бойына бөліне беретін болады. Қажетті құралдарды ұсыныс бойынша ала беретін боласыздар.

Барлық мәселе назарға алынып, тиісті жұмыстар атқарыла беретінін және Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің 2024 жылдың жылдық қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жаксы» деген баға беріледі.


Есепті тындау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 11<sup>00</sup> дең-12<sup>00</sup>-ге дейін.

Тындаудың төрағасы



Б.Бакишев

Хатшы:



Ж.Молдыман

**«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдалануши» өндірістік бөлімшесіхалықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету қызметінің 2024 жылдың атқарылған жұмыстарынынесебітуралы**

**Х А Т Т А М А С Ы**

**Теренөзек кенті**

**02 сәуір 2025 жыл**

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануши» өндірістік бөлімшесінекаасты тұтынушылар мен өзге де мұдделі тұлғалар алдында ауыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметі жөнінде 2024 жылдың атқарылған жұмыстарыбойынша есепті тындауы.

**Баяндамашы:** Жумамуратов Бауыржан Самалбекович - «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануши» өндірістік бөлімшесінің басшысы.

**Тындаудың төрағасы:** Бакишев Бахытжан Усенович - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы директорының орынбасары.

**Есепті тындауга қатысуышылар:**

1. С.Нурумбетов - «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиал директорының кеңесшісі
2. У.Кожаков-«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалының техникалық бөлімінің инженері
3. А.Ибрагимұлы - «Аманат» партиясының Сырдария ауданы бойынша филиалының хатшысы
4. А.Жунусова - «Аманат» партиясының Сырдария ауданы бойынша филиалының кеңесшісі
5. Н.Баекен - «Сырдария аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» КММ-нің бас маманы
6. Қ.Омарова – Сырдария аудандық санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы
7. М.Ерімбетова - Сырдария аудандық санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы
8. Ж.Тұяқбайұлы -жеке кәсіпкер
9. Б.Ордабаев – Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тілшісі

- 10.Ж.Қайырбаев – Қалжан ахун елді мекені әкімнің міндетін атқарушы
- 11.А.Құланшиева – С.Сейфуллин елді мекені әкімнің міндетін атқарушы
- 12.Б.Кокимбаев – ардагер
- 13.Өндірістік бөлімше қызметкерлері: Н.Сүйіндіков – абонент бөлімінің менгерушісі
- 14.Н.Сейіл – инженер технолог
- 15.А.Матыбаев – ЕҚ және ЕҚ инженері
- 16.Қ.Байжунусова – инженер экономист
- 17.Г.Мырзакұл – техник програмист
- 18.А.Шарапи – кассир
- 19.Қ.Сыздықов – аға шебер
- 20.Ә.Маханбетов – н.с машинист
- 21.Инспектор-бақылаушылар: М.Абдуллаева, А.Буркитбаева, С.Төрекан, Тереңөзек кентінің дербес бөлім басшылары, жеке кәсіпкерлер, елді мекен әкімдері және халық тұрғындары

### **Күн тәртібінде:**

Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі ауыз су пайдаланушылар алдында су құбыры арқылы су тарату қызметінің 2024 жылдың атқарылған жұмыстардыңесебін беру. Баяндамашы бөлімше басшысы Б.С.Жумамуратов

### **Тындалды:**

«Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің Тереңөзек кенті және 13 елді мекендердегі халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қызмет жасап келеді. Өндірістік бөлімшесінде 19 су кешені бар. Онда 33 ұнғыма, 16 су жинайтын қойма (резервуар), 19 су мұнарасы, 204 өрт гидранты, ауыз су тарату құбырының ұзындығы 238 317 метр және 2790 құдығы бар. Сырдария ауданы бойынша 33 дана ұнғыма насостары мен 8 дана II-су көтеру насос станциялары бар.

Тереңөзек кенті және 13 елді мекендердегі ауыз суды тұтыну әр ай сайын су есептегіш құралдарының көрсеткіштері арқылы журналға тіркеліп, облысқа филиал диспетчеріне беріліп отырады.

Өндірістік бөлімшеге қарасты барлық насос станцияларында хлоратор қондырғысы орнатылған, аудан бойынша су қоймасы мен су мұнаралары арқылы халыққа ауыз су 24 сағат бойы беріліп отыр. Тереңөзек кенті мен 13 елді мекендердегі ауыз су қоймалары, ауыз су мұнаралары мен ауыз су құбырларына

көктем және күз айларында жылына 2 рет тазалау, жуу, дезинфекциялау, залалсыздандыру және кварталдық сынамалар алышып, ауыз су сапасының санитарлық–химиялық және бактериологиялық сараптамасын алу жұмыстарын жүргізіліп отырады.

## **Сырдария өндірістік бөлімшесінің 2024 жылдың қорытындысы бойынша абонент бөлімінің атқарылған жұмыстары:**

Сырдария өндірістік бөлімшесі 2024 жылдың қорытындысы бойынша 1 599 213 текше метр су көлемі өндіріліп таратылды. 2024 жылға бекітілген жоспар бойынша халыққа 804 858 текше метр қаралса, халықтың тұтынған ауыз су көлемі 820 022 текше метр, одан түскен қаражат 29 146 030 теңге жиналды, оның ішінде толық тарифпен жиналғаны 2 897 948 теңгені құрады.

Бюджеттік мекемелер бойынша тұтынған ауыз су көлемі 91 770 текше метр, түскен қаражаты 35 724 598 теңгені құрап тұр, қарызы жоқ. Занды мекемелердің пайдаланған су көлемі 22 860 текше метр, түскен қаражаты 8 959 917 теңгені құрады, қарызы жоқ.

2024 жылы Тереңөзек кентінде жаңа қоныс 35 га (Бердіқұлов көшесі) 24 үй оның ішінде 48 пәтер.

Жаңа қоныстану 35 га (Наурыз, Достық көшелері) 20 үй оның ішінде 40 пәтер.

Жаңа қоныстану 100 га 28 үй оның ішінде 56 пәтер.

Жоғарыда аталған жаңа қоныстану аймақтарына толықтай ауыз сумен қамтамасыз етіліп отыр.

Жалпы аудан бойынша ауыз судан түскен қаражат 76 728 492 теңгені құрады. Аудан бойынша ауыз су тұтынушылар саны, жеке тұлғалар 8085 абонент, 7586 абонент су есептегіш құралы орнатылған.

Оның ішінде Тереңөзек кентінде – 454 абонент, Шаған елді мекенінде - 31 абонент, Шіркейлі елді мекенінде -14 абонент, барлығы аудан бойынша 499 абонент су есептегіш құралсыз ауыз су пайдаланып отыр.

2024 жылы жаңадан 54 абонент қосылып, 125 абонентке су есептегіш құралы орнатылған, 291 абоненттің су есептегіш құралы ауыстырылды.

2024 жылға бекітілген жоспарды алдын – ала жөндеу жұмыстарына сәйкес Тереңөзек кенті және 13 елді – мекен бойынша 2024 жылы насос станцияларындағы ішкі құрыш құбырларындағы, камера, көру құдықтарындағы ашып-жабу реттегіш арматураларына күтім жасалып, іштерін тазалау жұмыстары жүргізілді. Маусым айында II-ші су көтеру насос станцияларына, №1 және №2 ұнғыма (скважина) ғимараттарына, кіреберіс (проходная) ішкі-сыртқы қабырғаларына, ішкі құрыш құбырларына және өрт қалқандарына (пожарный щит) жоспарлы жұмысқа сәйкес ағымдағы жөндеу, сырлау, бояу, әктеу жұмыстары жүргізілді.

Орталық қоймадан ашып-жабу реттегіш арматуралары және кері қайтпа клапандары берілді. Кент және елді мекендердегі ұнғымалар мен II су көтеру насос станцияларына жаңадан ЭЦВ 6-16-110, ЭЦВ 6-10-110 және 1К 65-50-160 насос қондырғылары орнатылды.

2024 жылы Теренөзек кентінде Құндышбаев, Қазақ, Жамбыл, Жеңістің 50 жылдығы, Алиакбаров, Абай, Мұратбаев Тоғаныс батыр, Абдулпаттаев және Амангелді елді мекені Ағайдаров, Құлымбетов, Жанкин көшелері аудандық бюджет қаражатына ауыз су құбырларын жаңадан алмастыру жұмыстары жүргізіліп аяқталды. Қазіргі таңда тұтынушыларға су есептегіш құралдарын орнатылып ауыз су берілуде.

**Сырдария ауданы әкімдігінен қаржы бөлініп демеу ретінде 4 дана ауыз су мұнарасы, 4 дана насостар берілді.**

Амангелді, Қоғалықөл, Нағи Илиясов, Шіркейлі елді мекендеріне жаңадан 25 кубтық ауыз су мұнаралары аудандық бюджет қаржысына алынып, тұрғызу (монтаж, демонтаж) жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда іске қосылды. Аудандық бюджеттен жаңадан алынған 4 дана ЭЦВ насос Бесарық, Сейфуллин, Шаған, Теренөзек НС-1, ұнғымаларына салынды.

Іңкәрдария елді мекенінде жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, жаңадан ұнғыма (скважина) бұрғыланып іске қосылды.

С.Сейфуллин елді мекенінде жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, жаңадан ұнғыма (скважина) бұрғыланып іске қосылған, алайда 21 күн откачка жұмыстары жасалып ауыз су сапасы жарамсыз болып табылды.

Теренөзек кенті және Шаған, Қоғалықөл елді мекендерінде жергілікті бюджеттен жаңа ұнғыма қазу жұмыстары жүргізілетін болады.

2025 жылға Аудандық әкімдік демеушілігімен бюджеттің қаржысына 4 дана жаңадан ауыз су мұнарасы (башня) Атап айтқанда Бесарық е.м 50 кубтық, Айдарлы е.м 25 кубтық, Теренөзек кентіне НС-4 50 кубтық, Теренөзек НС-3 50 кубтық жоспарда бар.

### **Апарттық жағдай**

Аудан бойынша 2024 жылға жалпы 245 апарттық жағдай тіркелді.

- оның ішінде құбыр жарылу, тесілу (Прорыв) (сым, скоч, резина) – 165 дана
- ауыз су мұнарасын дәнекерлеу (башня) (сварка) – 21 дана
- фасон құбырын жөндеу, ауыстыру(замена) (сварка) – 59 дана

Жұмыстары жүргізілді.

### **Сарқынды суды бұру қызметі**

Сырдария ауданы Теренөзек кентінде орналасқан сарқынды суларды тастау насос станциясы 2013 жылдың салынып, Эксплуатацияға (пайдалануға) 2015 жылды берілген.

Көріз жүйесі нысандары 2018 жылдың мамыр айынан бастап «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының теңгеріміне берілген.

2024 жылы «Қазсушар» шаруашылық жүргізу күкісіндеғи Республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Сыр сұзы» филиалы мекемесінің атауы өзгерді.

Теренөзек кентінде көріз жүйелерінен ақсан суларды айдайтын 5 насос станциялары (КНС) және биологиялық тазалау ғимараты орналасқан. Қазіргі таңда Теренөзек кенті бойынша сарқынды суларды тастайтын 5 көріз насос станциясы (КНС) жұмыс атқарып тұр.

Теренөзек кентінде қолданыстағы көріз жүйесінің жалпы ұзындығы 15 шақырымды құрайды.

Оның ішінде өздігінен ағатын көріз жүйесі 5 шақырым және 10 шақырым қысымдық көріз жүйесі пайдаланылып келеді.

Көріз жүйесінің бойында 145 дана көру құдықтары бар.

Жалпы Теренөзек кентінде 41 көпқабатты тұрғын үйлердің жүйесіне қосылған.

Қазіргі таңда кент бойынша 15 бюджеттік мекемелер мен 5 кәсіпкерлік субъектілері қосылған.

Жеке тұлға бойынша сарқынды су (КНС) қызметін пайдаланатын 317 үй бар. Жеке тұрғын үйлерді қосу жұмыстары тұрғындардың өтініштеріне сәйкес жүргізілуде.

Соған қарамастан «Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы» өндірістік бөлімшесінің қызметкерлері күні түні қызметін көрсетіуде.

Аудан бойынша көріз жүйесіне қатысты 2024 жылы жалпы 126 (прорыв) апарттық жағдай орын алған. Теренөзек кентіндегі бес КНС-тің СМ настары 2015 жылдан бері үздіксіз жұмыс атқарып келеді.

### Электр энергиясы туралы:

Інкәрдария елді мекеніне су тарату жүйесіне жаңадан КТПН 10/0,4кВ қосалқы трансформаторы іске қосылды. Інкәрдария, Сейфуллин, Шіркейлі, Н.Ілиясов елді мекендерінде су тарату жүйесінде II су көтеру насос станциясына частотник электр қондырғысы жаңадан орнатылды. Айдарлы елді мекенінде СИП проводы жерде жатқандықтан, арнайы СВ-105 маркалы бағана қою негізінде СИП 4\*25 маркалы 220м, әуе желісі арқылы тартылды. Теренөзек кентінде орналасқан өндірістік бөлімшеге қарасты көріз жүйелерінде басқару қорапшасында ескі істен шыққан электр қондырғыларын алып тастап кабелдерін ретке келтіріп және двигательдерді тексеру тазалау жұмыстары жүргізілді. Сырдария ауданына қарасты елді мекендердің сумен жабдықтау жүйелеріндегі ұнғыманың электр қондырғылары істен шыққан жағдайда тез арада қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Теренөзек кентінде өндірістік бөлімшеге қарасты КТПН 10/0,4кВ қосалқы трансформаторлардың есіктерін майлау және

дәнекерлеу жұмыстары жүргізілді. Айдарлы, Жетікөл, Амангелді, Бесарық, Қоғалықөл ауылдарында сумен жабдықтау жүйесінде ішкі және сыртқы жарықтандыру және техникалық ақауларды дер кезінде іске қосу жұмыстары жүргізілді. Қыс мезгіліне дайындық барысында жылу беретін ПЭТ-4 маркалы печтер тексерілді.

### ***Авто және арнайы техниканың және насос станцияларында орналасқан дизельді электр стансаларының техникалық жағдайы туралы:***

Өндірістік бөлімшеде жұмыс жасап тұрған барлығы 6 дана арнайы техника мен женіл автокөліктер бар. 2024 жылдың қорытындысы бойынша арнайы техникалар мен автокөліктеге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстары ТО-1, ТО-2, ТО-3 техникалық күтімдерін жасау негізделген кестелерге сәйкес жасалып, орталық қоймадан бөлінген қосалқы бөлшектер мен май сүзгіш фильтрлері және қою май мен салқыннатқыш сұйықтықтары жеткізіліп, техникалық күтім толығымен орындалды.

Күнделікті атқарылған жұмыстар мен жұмсалған жанар-жағар майы жазылып, жауапты жүргізушилер қол қойып, филиалға ай сайынғы ақпараты жіберіліп отыр.

Қазіргі танда, САТ 422F маркалы экскаватор-погрузчикке қозғалтқыш (мотор) бөлшегі 10.01.2024 күні істен шығып осы уақытқа дейін тұрып қалды, ендігі кезде жұмыстары жүргізіліп жатыр.

### **Сөз алғандар**

Жеке кәсіпкер Жалғас Тұяқбайұлы өзінің өзек жарды бірнеше сауалдарын қойды.

- 1.Облыс көлемі бойынша тарифтің айырмашылығын айта келе, оларды бірдейлендіруге болама және қаншаға өсті?
- 2.Жер қазу (газ құбырын жүргізу, құрылыс жұмыстары және т.б) жұмыстарына кім жауапты?
- 3.Ұсыныс:Жер қазу жұмыстарына жауапты мекеме айттылған мәселені қатаң бақылауына алып жұмыс жасаса.

Қойылған сұрақтарға филиал басшысының орынбасары Б.Бакишев жеке-жеке тоқтала өтіп, нақты жауабын берді.Жерқазу жұмыстарына байланысты «Сырдария аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» КММ-нің бас маманы Н.Баекенге алдағы уақытта бақылауға алып, жұмыс жасау керектігін қатаң тапсырды.

«Қазсушар» ШЖҚ РМК «Сыр суы» филиал директорының кеңесшісі С.Нурумбетов алдағы уақтта халықпен суға келісім шартқа (2500тг) отыру бойынша тығыз жұмыс жасау керектігін айтты өтті.

«Аманат» партиясының Сырдария ауданы бойынша филиалының хатшысы А.Ибрағимұлы бірқатар ұсыныстарын айта кетті.

Атап айтқанда ауыз су құбырларында апарттық жағдай орын алғанда немесе т.б жағдайларда, жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы хабарламаны әлеуметтүі желіге (фейсбук) алдын-ала немесе уақытылы дер кезінде жариялада отырса;

Ауыстыруды қажет ететін су мұнарасына партия атына ұсыныстар болса бірлесе жұмыс жасауға мүмкіндіктер барын айтып етті.


«Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің н.с машинисті Э.Махнбетов таза ауыз сұымыздың қадірін білу керектігін және осы бағытты қолға алғы үлкен жетістіктер мен жаңашыл өзгерістерге жұмыс жасау қажеттігін айтты.

### Корытынды:

Филиал директорының орынбасары Б.Бакиев 2024 жылда атқарылған жұмыстарды жақсы бағалап, алдағы уақытта кент және елді мекендер бойынша бірқатар құрылыштардың жұмыстары жүргізілетінін айта келе, осы бағытта бірлесе тығыз жұмыстар жасау қажет екендігін тапсырды.


Тындаудың төрағасы:

Б.Бакиев



Хатшысы:

А.Жайлаубаева



**«Казсушар» ШЖҚ РМК «Сыр сұы» филиалы  
директоры Н. Шамуратовтың төрағалағымен өткізілген “Қызылорда  
қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы” өндірістік  
бөлімшесінің 2024 жылдың атқарылған  
жұмыс жөніндегі есебінің**

**ХАТТАМАСЫ**

**Қызылорда қаласы**

**4 сәуір 2025 жыл**

**Жиналыс төрағасы**

«Сыр сұы» филиалының директоры Шамуратов Нажмадин Шакизадаевич

**Жиналыс хатшысы**

«Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы»  
өндірістік бөлімшесінің басшысы – А. Жарылқаған

**Есепті тыңдауға қатысушылар:**

1. Н. Шамуратов - «Сыр сұы» филиалының директоры
2. Б. Бакишев – «Сыр сұы» филиалының директорының орынбасары
3. А. Жарылқаған - «Сыр сұы» филиалы «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы» өндірістік бөлімшесінің басшысы.
4. М. Абдирахманова - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы» өндірістік бөлімшесінің есепшісі
5. К.Каржов - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы» өндірістік бөлімшесінің диспетчері
6. Б. Асанов - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы» өндірістік бөлімшесінің инженер – технологі
7. Е.Муханов - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы » өндірістік бөлімшесінің Еқ және ЕҚ инженері
8. Г.Баекешова - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы» өндірістік бөлімшесінің абонент бөлімінің менгерушісі
9. Г.Қаймақбаева - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы» өндірістік бөлімшесінің, Махамбет ауылы инспектор бақылаушысы
10. А.Дарменова - Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы» өндірістік бөлімшесінің, Белкөл кенті инспектор-бақылаушысы
11. Г.Дастанова - Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы» өндірістік бөлімшесінің, Белкөл кенті инспектор-бақылаушысы

12. Б.Альжанов - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің машинисті
13. Е.Боданов - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің машинисті
14. М.Есқанатов - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің машинисті
15. Ә.Серікбаев - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің машинисті
16. Қ.Қазымбек - «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің машинисті
17. Ұ.Мұхитқызы - Қызылорда қаласы, Махамбет ауылы тұрғыны
18. М.Жақаева - Қызылорда қаласы, Қараөзек станция тұрғыны
19. Г.Байузакова – Қызылорда қаласы, Белкөл кенті тұрғыны
20. Ж.Қалмұрат - Қызылорда қаласы, Наруыз ауылы тұрғыны
21. С.Динбаев - Қызылорда қаласы, Бірқазан станция тұрғыны
22. А.Шахаева – Қызылорда қаласы, Талсугат ауылдық округі тұрғыны

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

Қызылорда облысы бойынша «Казсушар» ШЖҚ РМК шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалына қарасты 12 (он екі) өндірістік бөлімше бар.

Соның ішінде «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесімен Қызылорда қаласына қарасты кенттер мен ауылдық округтерді ауыз сумен қамтамасмыз ету және сарқынды суды бұру қызметін көрсетеді.

Атап айтқанда Белкөл, Белкөл-2 кенті, Бірқазан, Ж.Махамбетов, Абай, Досан, Қарауылтөбе, Қараөзек, Айнакөл, Баймұрат батыр, Талдыарал, Талсугат, Ыркөл елді мекендері, Қараөзек станциясы, Талсугат елді мекені маңында орналасқан «Оңалту орталықтары», Талдыарал елді мекені маңында орналасқан «Қазақ республикалық лепрозориј» ММ.

Өндірістік бөлімшеде жалпы саны 90 адам жұмыс атқарады, оның ішінде 45 адам насостық станция машинисті, 14 адам инспектор-бақылаушы, 12 адам апаттық бригада тобында, 19 адам негізгі құрамда.

Өндірістік бөлімшеге қарасты кенттер мен елді мекендерде ауыз су тұтынатын халық саны 34 403 адам, 6 602 абонент. Заңды тұлғалар бойынша 177 мекеме, оның ішінде 50 бюджеттік мекеме, 127 өзге мекемелер.

Сарқынды суды бұру қызметін пайдаланатын халық саны 1 559 адам, 384 абонент. Заңды тұлғалар бойынша 18 мекеме, оның ішінде 12 бюджеттік мекеме, 6 өзге мекемелер.

Филиал теңгеріміне рәсімделіп, өндірістік бөлімше пайдалануында 26 дана ұнғыма, 9 дана II-ші су көтеру насос станциясы, 107,8 шақырым ауыз су құбыры, сонымен қатар 3 дана көріз насос станциясы, 2,9 шақырым өздігінен агатын көріз жүйесі (самотечная), 18,6 шақырым қысымдық көріз жүйесі бар.

Жоғарыда аталғандай, келісім шарт негізінде 177 занды тұлға және 6 602 жеке тұлғаға қызмет көрсетілуде.

Қазіргі танда, 1-текше метр ауыз судың бағасы 422,78 теңге.

1-текше метр сарқынды суды бұру қызметі занды тұлғалар үшін 295,16 теңге, жеке тұлғалар үшін 118,93 теңгені құрайды.

2024 жыл бойынша 954 634,00 текше метр ауыз су өндіріліп, 828 678,00 текше метр ауыз су тұтынушыларға таратылды (су шығыны 125 955,00 $m^3$ )

Таратылған ауыз судан тұскен қаражаты 144 154 170,24 теңге болса, сарқынды бұру қызметінен 38 306 947,99 теңге қаражатты құрайды.

Өзге қызмет түрлері бойынша келісім шарт негізінде «техникалық қызмет көрсетуден» тұскен қаражат есебі.

-жеке тұлға 636 келісім шарт 1 208 500,00 тг.

-занды тұлға 9 келісім шарт 27 711,00 теңге.

Басқа да қызмет түрлерінен 1 710 580,00 теңге қаражат түсіп жалпы соммасы 2 946 791,00 теңгені құрады.

Өндірістік бөлімше теңгерімінде жалпы саны 3 дана арнайы техника (Газ-3309 РТК, Case-570T трактор, ГАЗ-3307 КО-503 ассенизатор), 2 дана жеңіл автокөлік (Daimler Benz C-180, Дэу нексия), 1 дана Газель-330232 (фермер) бар.

Жылдық қорытынды бойынша жоғарыда көрсетілген арнайы техникалар мен автокөліктерді пайдалану барысында 8 766 690,88 теңге жағар майға 2 507 912,76 теңге қаражат қосалқы бөлшектерге жұмсалды.

Белкөл, Белкөл-2 кенті, Ж.Махамбетов, Наурыз, Баймұрат батыр, Талдыарал, Қараөзек, Абай, Доссан елді мекендерінің ауыз су нысандары, сонымен қатар Белкөл кентінің көріз насос станциясы, жалпы саны 10 нысан дизельді электр станциялармен қамтылған.

2024 жылдың жылдық қорытындысы бойынша тұтынушылған электр энергиясы үшін 25 377 796,00 теңге, электр тауарларға 845 017,00 теңге қаражат жұмсалды.

Тұтынушыларды тәулігіне 24 сағат ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында, ауыз су нысандарына уақытылы техникалық күтім жасап және орын алған апаттық жағдайды қайта қалпына келтіруге 1 авариялық бригада жасақталған.

Авариялық бригаданың қалыпты жағдайда жұмыс атқаруы үшін, жазғы-қысқы арнайы киімдері, қолғаптары, аяқ киімдері және өзге де арнайы киімдермен қамтамасыз етілген.

2024 жылдың жарты жылдығында өндірістік бөлімшеге қарасты нысандарда 810 апаттық жағдай (авария) орын алғып дер кезінде қайта қалпына келтірілді. Оның ішінде 281 апаттық жағдай ауыз су жүйесі бойында, 190 апаттық жағдай (авария) КНС мен көріз жүйесі бойында, қалған 339 апаттық жағдай ұнғыманың істен шығуы, насостық станцияда, электр желісінде орын алған. Орын алған апапттық жағдай салдарынан 14 239 текше метр су шығыны тіркелді.

Барлық нысандарда санитарлық талаптар толықтай сақталып, оң нәтижелі санитарлық (СЭС) қорытындылары алынды. Ұлттық Сараптама орталығымен келісім шартқа сәйкес, су сынамаларына зертханалық талдау жұмыстары уақытылы жүргізілуде. Бекітілген кестеге сәйкес, көктем және күз мезгілдерінде ауыз су жүйесін жуу-شاю залалсыздандыру жұмыстары атқарылып келеді.

Көктем және күз мезгілдерінде ауыз су жүйесін жуу-شاю залалсыздандыру жұмыстарына, алдын-ала жөндеу жұмыстарына, апапттық жағдайларды қайта

қалпына келтіру жұмыстарына қажетті шикізат-материал және химиялық реагенттер сатып алуға 4 450 419,87 теңге қаржат жұмсалды.

Өнірлік даму 2020 бағдарламасы аясында жаңадан салынған нысандардың басым бөлігі уақытша қолданысқа енгізілді. Атап айтар болсақ қазіргі таңда, нақты жағдай бойынша Белкөл-2 кентінде, Бірқазан, Ж.Махамбетов, Досан, Қарауылтөбе елді мекендерінде сонымен қатар Қараөзек станциясында жаңадан бой көтерген ауыз су нысандары (водозабор) қолданыста. Ауыл ішлік ауыз су жүйелері бойынша Белкөл кентінде, Бірқазан, Ж.Махамбетов, Досан, Қарауылтөбе, Баймұрат батыр, Талдыарал, Талсугат елді мекендерінде, Қараөзек станциясында жалпы ұзындығы 110 шақырымнан асатын ауыз су жүйесі (водопровод) қолданыста.

Қазіргі таңда, бөлімше өзіне қарасты барлық елді-мекендерді жоғарыда аталған 24 сағат үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр және алдағы уақытта да халықтың игілігі үшін жұмыс жасайтындығын жеткізеді.

### Қорытынды:

«Казсушар» ШЖК РМК «Сыр сұы» филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдалануышы» өндірістік бөлімшесінің 2024 жылдың жылдық қорытындысы бойынша тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға берілді.

Есепті тыңдау жабық деп жарияланды. Өткізілген уақыт сағат 10:00ден-11:10-ға дейін.

Жиналым төрағасы

Н. Шамуратов

Жиналым хатшысы

А. Жарылқаған